

Аманжол Зағыпар

Тағыларының күндері Tazlalar



Аманжол Зағыпарұлы

Тағдырымның тамшылары

*Алғашқы өлеңдер жинағымды әкем Сопанұлы Загыпарға
арнаймын*



УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Каз)-5

3-13

Аманжол Зағыпарұлы

Тағдырымның тамшылары

Алматы: - Алейрон, 2021, - 136б.

ISBN 978-9965-476-72-3

Ақын Аманжол Зағыпарұлы өлең көшіне ерте косылғанымен, төл жинағын шығаруға асықпай-аптықпай, тыңғылықты дайындықпен келді. Шағала шабыттан туған тамшы жырлары ойдана білген адамның таңдайын жібітіп, жүргегін толкытады. Құрмеуі көп күрделі өмір іірімдері, тұмса табиғат тамашалары, үлттық рух іздері, мәңгілік махаббат – ақын өлендерінің негізгі өзегі. Кітап сөз құдіретін түсінген барша оқырманға – үлкен олжа.

567126

ISBN 978-9965-476-72-3


УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Каз)-5

ISBN 978-9965-476-72-3



9 7 8 9 9 6 5 | 4 7 6 7 2 3



Аманжол Зағыпарұлы, 2021

«Алейрон» баспасы, 2021



Қарға ізінде қалам жыр

Аманжол Зағыпар ақын азамат. Қызыл көйлекті Бай-бесіктен шығып, баяғы Қызылжарға қоныс тепкен баһадүр. Кішкентай кезінен кезерген ерінің жалап тұрып, бала дауысымен өлеңін оқитын қара ұл еді. Менің қасымда жақын жүретін бір топ қоңырқаздың балапандары шартарапқа ұшып кеткені бар. Қазақтың байтак даласына сіңіп кеткен ұшқыр топтың арасында осы Аманжол да бар. Әр жерден жалт еткен жырларын көріп қаламыз. Оқимыз да «дұрысысс» деп епте езу тартып бас изеуден әріге бара алмай пұшайман болатынбыз. Ұзак жер, шалғай Ел. Ол жақта аманжарық жол сорабында аман есен жүрген Аманжолдар бар. Аманжол өте нәзік ақын: өзі айтқандай «қарғалар ізіменен өрнектейді...» Мұндай шумактар өрнегін тек Аманжолдың сынғыр зооморфты жырларынан окуға болады. Кітабы шығады екен. Қуаныштымын. Жақсы өлеңдері оқырманға жол тартпақшы. Оның киыр жүрген кезінде жазған түйір жырлары ерекше мол. Күн шуағының өзін «...күн сәулесі бір түйір жасыл қан...» деп құлпыртатыны тың сана. Мықты поэзия! Алыстаған ақынның жандүниесі сағынышқа шомады екен. Сағынышы таңғажайып сүгіретке айнала түседі. «...Ай нұрына шомылады ат жалы...»!? Бұдан өзгеше қандай бояу керек!? Сөзбен жүққан бояудың ізі нақты көркем парадигма! Жалпы өнердегі жүрттың онша байқай бермейтін бір тылсым құдыртетін ақын ғана ашыққа шығара алмақ. Иконография деген бір ұғым бар. Тұмша мұнар арасынан сығалаған жылт шуақ секілді. Өмір мен жырдың жаны біреу-ді, ә!?

Аманжолдың қай жырын алсан да бір тылсымдық сезінерің хак. Ана туралы жырын оқып отырып оқыстан біререкшетенеугежолығасың. Ойпыр-ай! «...Мандаіым түскен кезде жарығың...». Ана ~ аспандағы Күн болды. Тәнірдің нұғы- ұмай Анан! Ақын осылай шыркауы керек! Енді оқырманға да азды көпті кереметтерден нәз қалдырайық. Аманжол ~ түбі жақсы ақын! Бәс тігуге де болады тіpten. Алтынқұмыраға құйылған жырдай ақық жырдың егесі Аманжол аман босын!

Сұраған Рахметұлы ақын, тарих ғылымдарының кандидаты.

Тағдырымның тамшылары

Жүйрік жылдар жарыскан ғасырларға,
Ақиғалы уақыттың ашылғанда.
Қарғалар ізіменен өрнектейді,
Сәбін гүлі қауызынан ашылғанда.

Ақ пен қара айқасы басылған ба!?
Күн сәулесі үйір ғой жасыл қанға.
Тұнде менін жүрегім тұтқындалып,
Күнде менін түседі басым дауға!

Ғұмырымды ұрттаған уақыттар-ай,
Ұшып өткен басымнан бакыт талай!
Торғай үн топқа түсіп шырылдаса,
Тандайым тәтті уынды татыпты оңай.

Көнілім күрсінеді күлем деген,
Мерт болып кетті талай күрен дөнен.
Топқа түспей торы құнан аркандалды,
Тағдырдың сұық колы шідерлеген.

Жұлдыздар ағып жатыр «Сөнем»-деген,
Айды бұлт жасырады «көрем»- деген.
Көздер-ай аш көздікпен камын ойлап,
Кездер-ай, козы-лакты көгендердеген!

Қыран тағдыр кияға қонған күнде,
Акку болып ұшқанмен арман күнде.
Жаңбырдың жырын арнап отырамын,
Тағдырдың тасасында солған гүлге!

*** *** ***

Жас сәттерім,
коштасуда ерке күн,
Сақалында Күн ойнайды серкенің.
Қараниет, өсекші, өрт жандардың,
Сөніп қалған жанарапынан шертемін!

Ат жаратып әлі отырмын шапкалы,
Ай нұрына шомылады ат жалы.
Қазағымды сүйіп отқа күйемін!,
Аңшылардың түсіргенмен какпаны!

Қылыш қайрап, құм болса да жігерім,
Шешілетін күн болады-ау шідерім!
Бөрілерім түлкі болған заманда,
Айға карап ұлымаймын, білемін!

Азудағы тәтті алмада гүл өлім,
Қыран ойлар шың басында түледің!
Жұлдыздарды бұлт сініріп жатқанда,
Бұл жалғанға күрсініспен күлемін.

*** *** ***

Қалам үшін кагазға шер төгеді,
Қасқыр келіп қасыма еркеледі.
Ойқастаған құйынның ортасында,
Жұдырыктай жүрегім өртенеді!

Маған сәуле тым алыс жырақ тұрды,
Көзім емес көкірек жылап тұрды.
Құжынаған құрттардың ортасына,
Мені карға іліп а(лы)п, лактырды.

Ұрғылады тұнімен дауыл шынды,
Қанат қылдым жалғыз тал қауырсынды.
Тұнғиыкка мен ұшып кете бардым,
Жер басуға сахара ауырсынды!

Аналарды сағынайық

Жас тамады жастығыма тағы мың,
Басталады тағы міне жорығым.
Ана жүрек мейірім толы жып-жылы,
Сағынып жүр, сарылып жүр кара ұлын!

Сағынумен түзде жүрген баласын,
Жабығумен өтер ме еken анашым!?
Аккайыңың жапырағына орап ап,
Сағынышымның
жазар ма екем жарасын!?

Құлағыма сініп қалған бал үнін,
Маңдайыма түскен кезде жарығын.
Алақаның жып-жылы боп тигенде,
Балқып кетеді алпыс екі тамырым.

Бөрі жүрек жем іздеген даладан,
Сағыныштың лебі есті баладан.
Төрткүл дүние төрт бұрышын кезсем де,
Артық жанды таба алмадым анадан!.

Он сегіз мың ғаламдағы жолымыз,
Аналардан бастау алған жанымыз.
Карашикка тұндырғандай сары күз,
Аналарды сағынайық бәріміз!

*** *** ***

Ай қонактап маңдайға,
Күн күледі кірпікте.
Көз саламын шалғайға,
Ақша бұлтты үркітпе!

Қансонардың иесі,
Ғашық болған бүркітке.
Қара өлеңнің киесі,
Кеседегі іркітте!
Саумалменен кымыран,
Жусан иісі бүркырап.
Сұлубай салған сұлу ән,
Құлын жырларым шүркырап.

Мағауия салған термеден,
Жүрекке акыл ұялап.
Торы атты шешіп кермеден,
Шабайын бір сәт киялап!

Ай астында көк бөрі,
Көккө қарап ұлыған.
Алтайымның бөктері,
Жанарымда жылыған!

Жаңғырып жатса жартасын,
Өр рухтын үнімен!
Көзге ыстық әр тасын,
Қой жусанның бүрімен!

Бұлт құндактап шындарын,
Келдім ансап Алтайым!
Ізім қылған құмдарым,
Тізгінімді тартайын!

Көніл...

Жазбенен қыстай,
Күнменен тұндей
алмасқан,
Сезіммен сезім,
Көзінмен көзім
арбаскан.

Ойлаусыз бітпей,
Байлаусыз жіптей
жалғаскан.
Өзіммен өзім,
Ыстық жүректі
кар баскан.

Акырын сырғып,
Арманның бұлты
тауды аскан.

Сәулесі күнгірт,
Өмір-терезе
шаш баскан.

Асыл Ай тумай,
Ашылмайтынды-ай
мәңгі аспан.

Күйкі тіршілік,
Кірпігім сынып
зэр жастан.

Жастан...!

*** *** ***

Тұғырда қыран,
карғалар неге жоғары?,
Жырын оқыған,
Ақындар неге жарапы!?
Құйын артынан
сілкілсемекке даланы,
Темір тұмсықты
Аралар ұшып барады.

Ізыңдап ара,
кураган гүлдер шашылған,
Ізімді кара,
зулаган күндер жасырған.
Күзімді кара,
жүректі жемен тулатып.
Жүзімді кара,
қыраулы қыстай мұн қатып...

Шырылдап ұшып,
кона алмай жүрген бір бакыт,
Жаңғыра алмай,
жартастар жылап, ун қатып.
Ақын жүректі,
нокталап алған, тағдыр-ай!
Даланың тілсіз
сырларын ғана тындатып.

Ібілістері жасқамақ болып жанарды,
«Уын іш!», — деді.,
күшактап жылап Даңды.
Сенбеймін мен де,
өлеңім канат болдағы,
Айналып ұшып шығайын
мынау ғаламды!

Өмір сұрсек те
пәниде мынау аз-ак құн,
Қаймағын калқып,
ішейін жырдай ғажаптын.

Әртөнсем күл боп,
тоңсам да мұз боп шыдармын,!
Жаратылған соң
Ақыны болып казақтың...!

О, Қызылжар

О, Қызылжар киелінді көрем мен,
Жұлдыз ағып жатсадағы төбеннен.
Атырабыңды құм жасырып тұрғанмен,
Топырағыңды сүйіп-сүйіп өлем мен!

Құдайы жок құмырсканың илеуі,
Намысымның қамалдары қүйреді.
Ермактардың канын шашқан бабамның,
Моласында шоқынғандар биледі.

«Ұлтарактай жер қымбат деп бас қалған,
Аштық жылы аналардан жас тамған.
Келбетіне көккөз ғашық болып жүр,
Аққұлактар шошқа етін жеп мас болған.

Жарлық күтіп әлі жүрміз аспаннан,
Жылқы үйреткен жұртқа сініп кос қалған!
Қанымды ішкен, барымды ішкен қызылдар!.
Кару жасап атсам ба еken тастардан?.

Өз кеудемде соға берсін құйын жыр,
Уакыт келді тары жолдан да киын бұл.
Өз үрпағын түкірмегі түгілі,
Кайран тілім қанатынды киып жүр!

Қанмен ғана сөгілген еді қабырғам,
Қара жерде қозғалады-ау сабырдан!
О, Қызылжар иен қазақ кеш бүгін,
Құтылармыз Петрменен Павлдан!

Қайын

Даланың самалы аймалап,
Қаламым қағазға тайғанап.
Жүрекке жапырак көктетіп,
Санамды тағы бір ой камап.

Жанарға мусінін шомылып,
Уакытка отырмын бағынып.
Әдемі қайындар мұлгиді,
Ақ қардай орамал жамылып.

Мұсіні қырауға малынып,
Бұтағы күміс қар тағынып.
Құпия құлышы ашылмай,
Тұр ма екен көктемді сағынып?.

Теріскей бораны сокпасын!,
Жанаңдан қырау мұн ақпасын!
Жарығын жалғанын қызғанып,
Тамырын айбалта шаппасын!

Көзбенен оқиды кім сырын,
Ақ карға жасырып тұр сырын.
Өткенге өкініш білдіріп,
Көктемде жарады бүршігін.

Орманға баратын ойым бар,
Көктемде ерісін уайымдар!
Мындаған жапырақ ұшырған,
Бақытты екен ғой қайындар!

Сәттер-ай

Сәттер-ай, сәттер,
от басқан және шок басқан!,
Өзіммен өзім,
жаныммен тәнім соттасқан.
Уакыт-төреші
төрелік жасап жатыр ғой,
Жазылған тағдыр
өмірмен талай кастасқан.

Жердегі тұрме
еркіндік берген әзірге,
Жербетіндегі сынектарына төзуге.
Адасқан ұлмын

сәби шағымнан кезінде
Көк аспанымның
жүрсем болды ғой көзінде!

Уақыты келсе
артында арыз хат калар,
Уақыт- төреши
үкім шығараң сәт болар!
Мәнгілік сынар
әділдік бар ма өмірде?,
Зандылық шығар
кезекпен пендे аттанар!

Кездесу

Самалға кірпігің тарапып,
Жанаармен көруге жаралып.
(Алдында қыз мұсін бейнен тұр),
Мөп-мөлдір көзіңмен қадалып!

Санамның сабыры жоғалып,
Ормандай ойларым тоналып.
Жүректің құбірін естімін,
Сезімнің сеніне камалып.

Біз тұрған бір метр аралық,
Махаббат ғұмырын саналық!
Әй, бірақ ұн-тұнсіз жымиидың,
Бір сәтке кетердей жоғалып.

Жүзіне жылындым шуактап,
 Қолыңнан ұстар ем бір аттап.
 Деміңе шарпылып мен қалдым,
 Сәл тұрдың қасыма тұрактап.

Айта алмай іштегі сырымды,
 Көзімнен оқыдың шынымды.
 «Кетейін ағажан» - дегенде,
 Жүрегім кеудемде сығылды.

Кездесу қып-қыска бүгінгі,
 Тістелеп азумен тілімді.
 Дірілдеп сұрадым нөмірін,
 «Соткаңнан» естуге үнінді.

Санменен сарапап саз үнді,
 Акқудай жеткіздің наз үнді.
 Көнілім көк тудай желбіреп,
 Нөмірің жүрекке жазылды!

Аспан мен қара жер арасын,
 Жұпарлы нұр қылып баrasың.
 Бұрылып сен кеттің жанымнан,
 Күй қылып махабbat даласын.

Сылдырап акқандай бал бұлак,
 Толқыннан жатқандай жар құлап.
 Ып-ыстық уакытқа бағынып,
 Мен тұрмын артында калжырап!

Қалжырап, қалтырап тоңсам да,
Шыдар ем тұруға мен сонда!
Караышық сен жакка кадалды,
Елсізде елжіреп қалсам да...
...Күтем!

Тілім қайда...?

Бүгінгі ойда ашулы сияктымын,
Үнім қайда, жартасты жылатты кім?
Жығылмай ма бораннан құрак, ғұлін?,
«Тілім қайда»!?
Айта алар сұракты кім?

Бір күн конак өмірге келесін де,
Күлкін бұлак, тілін мұн сенесін бе!.
Рухым құлап кетпеді дегенменен,
Ұлтым бірақ,
ЖАҢАНДАҢУ кемесінде.

Тілім қайда жүрекке нұр тұндыrap?
Қара өленге каймакты жыр тұндыrap.
Тілімнің тамыр каны қоюланса,
Тұніліктің астында рухың құлар!

Зар заманда тілімнен жүдемеппіз,
Тілсіздік тұрмесінде тұнемеппіз.
Санасының шаң басқан айнасына,
Бүгін казак мүкіспіз, мүгедекпіз!

Тілмен бірге Тәнір дін, нұр береді,
Тарихынмен тамырлас тіл дерегі.
Ұлтының бағытынан адастырып,
Толқын куып барады тіл кемені!

Астанасы Алаштың

О, далам сырын бүккен топырағын,
Әр адам сенін өскен жапырағын.
Қазак ұлын тербеткен бесігінде,
Саарқам естімеген жат ұранын!

Арыс ел әз ғаламға аты мәлім,
Жүзі нұр, жүрегі өрт, оты жалын!
Қазакқа Тәнір сыйлап Тәуелсіздік,
Шаттықка шомылдырды атырабын!

Ал, бүгін келіп отыр сыр ақтарғым,
Құмыңа жасырылып шуактан мұн.
Жер ана кіндігіне кірпіш қалап,
Астана, Саарқаға тұракталдың!

Нар қазак топырағын сүйген жерді,
Құлагердің тұяғы тиген жерді,
Шаһарға айналдырдық шаңыракты!,
Құт қоныска кондырып күй керуенди.

Биікті бағындырып батыл арман,
Алаштан Астана деп атын алған!
Тамырланып жерүйіғы -Жетісудан,
Рух алды Түркістан, Отырардан.

Барыс елдің намысын биіктетер,
Жас үрпак жанарымен сүйіп кетер!
Бірлікпен қанат жайдың керегелі,
Әз бастарын өзгелер иіп кетер!

Мамық бұлт аялайды мамырымен,
Ай сүйер кара түнде жарығымен.
Тұғырлы тарихынды терендетер,
Бәйтерек тастан біткен тамырымен!

Жасап алған тұғырдан мәнгі іргесін,
Рухын Алашымның сөндірмесін!
Астана баспана бол нар Алашқа,
Босағаңнан қазағым телмірмесін!

Желді желтоқсандағы отты жүректер

Кеше-
мұн шық тұрып мұзға айналды бар далам,
Тұншыктырып тұла бойды тор коғам.
Жара жалап жас бөрілер ашулы,
Қара аспанды қара бұлттар торлаған!

Бәсө,

Үзғарлы жел рухынды тоңдырған,
Мұздан жігер оянғанда жан күрбан.
Ұлдарың - ер тас жаңғыртқан жас үміт!,
Қыздар- гүлін қытымыр қыс солдырған!

Неше...?

Сексен алты, желтоқсанда -жел тұрған,
Алпыс екі тамырға қан толтырған.
Көніл жүдеу, ақ аязды салқыннан,
Ана сүті сәбінен тартылған!

Көше-

қараңғылық көбейгенде жарықтан,
Жас бөрілер жазым көріп жорықтан.
Отты жүрек қыран мінез ұл- қыздар,
Табандылық тас көшеде танытқан!

Есе-

козы күрбан шалынғанда рухпен,
Тазы қырдан үрігенде күдікпен.
Жаңғырыққа күмбірлеген күй сініп,
Жарық біткен көленкеден үріккен.

Сонан...?

Темір торға ұялаған текті үндер,
Жасықтардың жанарынан өттіндер.
Баба арманы, бала үміті ақталып,
Тәуелсіздік тұғырына жеттіндер!

Одан...?

Түйе керуен мекеніне жеткенде,
Күн асылып еркеледі көк белге.
Семсер серттер қынабында кеткенде,
Тарихымыз жасап алды бетперде!

Қоғам-

бетпердемен жасырынбақ ойнаған,
Шектелді өрен сол қазанда қайнаған.
Көкке өрлеген отты рухтар басылып,
Женісті емес жеңілісті тойлаған!

Бүгін-

Шындық үні шым -шытырық құбылдың,
Сынды қыры қазақ жеткен тұғырдың.
Ірілігі байкалмайды бүгіннің,
Түнілігі серпілмесе тілімнің!

Ертең-

Жаһандану толқынында жан үні,
Рухыңың жоғалмай ма сағымы?.
Күлкіміздің күні ертең не болар?,
Ұлтымыздың жанышталса тамыры!

Тамыры...

Қызыл от...!
(Мағжан рухына)

Қап – қараңғы
түнде жанған қызыл от!,
Қызыл оттан қызыл жалын үзіп ап.
Сол жалынмен жүргегімді жуған соң,
Қызыл отка өлең жаздым қызып ап!

Жұлдыз ақты көк аспанда ізі қап,
Түнде жанды, күнде жанды Қызыл от.
Сеуіп едім күл боп кетті жалынға,
Қою түннен кара сәүле сүзіп ап.

Құйын соқты, жанбыр жауды сөнбейді,
Ұйтқып тиіп тұрсадағы жел мейлі!
Жалын шашып аспандағы ак бұлтқа,
Өршеленіп лаулап көкке өрлейді.

Қою түнді көк тұтінге көміп ап,
Лаулай жанды ұлы рухтан жалын а(лы)п.
Ал, қазағым шала үйқыда мұлгиді,
Қара түннің құшағына еніп а(лы)п.

Зұлымдықтың жыны билеп сананы,
Қара түнде қасқыр жортып барады.
Аш көкжалдың азуынан ақсиған,
Қара түнге қан сілекей тамады!

Құмырсканың құм жасырып тірлігін,
Үрей билеп жакпар тастың үнгірін.
Сұлу қайың сұлбалардан сескеніп,
Жапырағының шығармайды сыйдырын.

Ара шағып тікен тимес тіл ұшын,
Тыныштықтың тарылтқандай тынысын!
Кырандарды тұғырынан құлатқан,
Каркылдаған қарға ғұмыр құрысын!

Қап – караңғы
тұнде жанған қызыл от,
Қызыл оттан қызыл жалын үзіп ап,
Сол жалынмен жүргегімді жуған сон,
Қызыл отка өлең жаздым қызып а(лы)п.
Жалын жұтып мас болғаным қызық – ак!

Өлеңмен оқылған дұға
(Мағжан Рухына тағзым)

Сананы түрмеге түнеткен заманда,
Күрсінді жер ана азалы Ғаламға.
Коркыттай күніреніп, Асадай аңырап,
Боз дала күніренді ұлыған боранға.

Жұлдыздар тығылып аспанның бұлтына,
Балтаны сілтеді Алаштың рухына.
Көкжалдар апанын өшігіп күйретіп,
Сыйғызбай жіберді жұмыр жер сыртына.

Қанжарын сілтеді Қазакы танымға,
Қақырап қалғандай қатпарлы қабырға.
Үкімді шығарып сотталған Өлеңге.
Салмақты салыпты сақталған сабырға.

Аккайын жұпарлы бүршігін жарғанда,
От койып жіберді содырлар орманға.
Жігерін құм қылар,
күл қылар құрсаумен,
Шідерін шынжырлы кісемен салғанда.

Тектілік- табытқа текпімен тығылды,
МАЗАСЫЗ Жел шайқап Көк түрік ғұмырды.
Шығысты тұмшалап тұман ғып алды да,
Баянсыз бакыт та батысқа бұрылды.

Тас талқан етуге Ұлтшылдық танымды,
Лайықсыз айыптар Ақынға тағылды.
Есіріп, өшіріп тастауға ұмтылды,
От болып лаулаған Қазакы жалынды.

Сүренсіз, сұрықсыз күндер де құбылды,
Өртеді жусанның исі бар жырынды.
Жыртығын жел сөгіп жудетіп жүртүнды,
Тұңғиық батырды қайынданай ғұмырды!

Орманды ойларын түнекке түнеді,
Тұрменің ішінде Жыр Қыран тұледі!
(Күздегі аккайың-жапырақ сап - сары)
«Өлең»- деп соғатын жүрегің
сарғайып жүдеді.

Үнсіздік ішінде булыққан ұраны,
Ғайыптан жаралған шабыттың пырағы!
Батыраш балталы қоғамның кесірі,
Тасадан ок атар тексіздін тұрағы.

Жүйрік жыр жылдармен жарысып ақталды,
Өшпейтін өлеңдер санада сакталды.
Азат құн шығыстан нұрланып шыққанда,
Тас қоғам қуйреді табанға тапталды!

Сен жүрген ізінді жер ана сақтады,
Қабірін жок бірак, үрпағың таппады.
Жүректі жалынмен жуады тазартып,
Жырыңың лаулаған рухты оттары!

Ақынның сынғанмен ажалдан қаламы,
Жыр акқу толқынды айдының табады!
Көк тудай көгімде Рухың желбіреп,
Биіктік көрсетті бұлттан да жоғары.

Кияға баптайды томаға қыранды,
Тұғырға балап ең Алтай мен Тұранды!
Жаныңыз жәннатта иманды болсын деп,
Өлеңмен оқыдым өміршен ДҰҒАМДЫ!
ӘУМИН!!!

Мазасыз тұндер

Бірінші тұн

Ай дидарлы әдемім,
Күн дидарлы көріктім.
Есім кетіп жаныңа
есенгіреп келіппін.
Семсер сертті кірпігің
жүрегімді тұрткілеп,
Қарашығым қаймығып
төмен қарай беріппін.

Кор қызындай жаралған
жаным сенсің қиялдан!,
Балапандай аялы
тіл қатқандай ұяннан.
Қайың тұрқың сымбатты
ана құрсақ көктеткен,
Жапырағынан сезімнің
естігендей күй орман.

Жұлдыз көзің жанып тұр,
мамық бұлттай маңдайың
Бетіннен нұр тамып тұр,
балқытып тұр балдай үн.
Көкірегім көктемгі
бәйшешектей бүрледі,
Сабырымен қоштасқан санамды
шашыратып алмайын!

Жұпар демің жаныма
жусан исін сеуіп тұр,
Жұмак дала тұсінде
айғай салғым келіп тұр.
Бақыт күйін шертіп тұр,
күмбірлеші тағы да,
Уақыт ғұмыр аялы
алақанда еріп тұр!

Өңім түгілі тұсімде
көрінбеген бейнесін,
Тәнірден соң өзіннен
жасыра алам ей, несін!
Топ-тобымен толқында
жұп-жұбымен жүзетін,
Саған теңеп кайтейін
аккулардың бейнесін!

Тіл катпай- ак тұра тұр,
өзіме өзім келейін,
Тәмен карай бергенше
жігерімді жебейін.
Токта енді,
басымды көтерейін еңсемді!,
Үн катпасан өзін де,
мен де саған не дейін.

Мен бастайын үнде...
өтінемін еркекпін,
Тілім неге құрмелді
бұлақ қөзбен мөлт еттін.
Енді өзіме келгенде
тер сорғалап самайдан,
Бісмілла!
Бісмілла!
Бісмілла!... Селк еттім!

Тұсім екен...!?

Екінші тұн

Бей маза тұн сұрланып,
өз мазамды кетірді,
Көрпем неге сұп-суық?,
тынышымды кетірді.
Қылыш кірпік айқаспай
жанарамды жұмсам да,
Кешегі тұн тұсімді үрлап кеткен секілді.

Әлдиімен үйқының барлық әлем қалғысын,
О, Жаратқан,
үйыктатшы жер бетінің бар күсын!
Бәрі үйыктап түс көрсін мен іздеймін жанымды,
Кешегі тұн естісін жүргімнің алғысын!

Жо-жоқ маған не болды ібіліс пе кешегі?
Жүгендеулі жүректі түсім қалай шешеді?
Өнімдегі қыз болса жүгірер ем артынан,
Түсім болды кап әттен...
менін сорым бес елі!

Жұмсақ жастық қап-қатты
тастай батты басыма,
Тұннің қара сәулесі
жүргіме шашыра,
Ұйқы ана,
күшағын неге ашпайды неліктен?,
Түстегі ару бейнесін кызғанғаны осы ма?.

Таң атпасын тағы да күйкі тірлік тынымсыз,
Таратпасын далаға боз сәулесін жұғымсыз!
Боз далада боз жүрек боздамасын өтінем,
Ай да камкор бола алар сар сәулелі күнімсіз!

Санамдағы әбігер толастамай тұнімен,
Түс түгілі үйкым да жеріді ме шынымен.
Жүргімнің жарасын жалап-жалап емдеші,
Ей, Тұн ана өтінем махаббаттың тілімен!

Сабыры жок уақытта
керуен түнмен сырғыған,
Танды атырып келеді
шығыс жактан мұндық ән.
Кеудемдегі апанға түні бой сыймаған,
Бөлтірктең жүргегім талықсыды ұлыған.

Ұяламай кірпікке
тәтті ұйқының бөлшегі,
Зіл табан түн езгілеп көтертпеді еңсені.
Жер бетінде бейнен жок үмітімді жандырар,
Келесі түн келгенше сағынайын мен сені!

Үшінші түн

Кою кештің сәулесі
еншісінде аспанның,
Қараңғылық кайтейін
зорға-зорға басталдың.
Ұзак күннің сап- сары
сәулесіне тұншығып,
Көкте жұлдыз жанғанша
жындануға дәс қалдым!

Ұйқым келді қалғыдым
кандай ұйқы кім білсін?
Түнгі ұйқыда түс көріп,
жанарымда күн күлсін!
Көк Тәнірге жалынып
өлең дүға оқимын,
Түс аруы жанымда
тан атқанша бір жүрсін!

Алаканмен ұстайын
түнгі ұйқының ескегін,
Түспен ғана басталсын
менің ымырт, кештерім!
Аландамай ұйықтаңыз
ұйқысыз жан бакытсыз,
Ұйқы берші, анашым,
ауырған жок еш жерім!

Жұлдызды аспан астында
бұлт көрпені жамылсам,
Айға қарап жатайын
түс көрермін сағынсаң.
Аспан жердің арасы
тып-тыныш бір мұлгісін,
Мен де тыныш жатар ем,
тек түсімнен табылсан!

Торламасын тұн көгін
кара бұлттар қалындал.
Кетпесінші түсімді
бүтінгі тұн тағы ұрлап!
Жүрегім, сен ұйықтама
кісіней бер құлышадай!,
Кірпіктерім сіреспей
ұйықтап барам дамылдал.

Тұс...тұс...жаным!

Төртінші тұн

Тұсіме тағы кірмедін,
қырсық едін не деген?!
Ұйықтасам да жүзінді
көре алмадым неге мен?.
Меніреу тұн құшағы
мен-зен қылып тұрғызды,
Тарылғандай тынысым,
тарылғандай бар әлем.

Жүрегімді тұғыр ғып
түсімде қонған қыз құсым.
Ғажайыптан жаралып,
ғайып болған қыз мұсін.
Садаға кет сол тұнім
санамды умен суарған!,
Сорлы жүрек үхлеп
соңғы үмітін үзді шын!

Ессіз миым ақылын
түрмесіне түнеткен,
Орманды ойды сарғайтып,
сары уайым жұдеткен.
Санам енді сабырымен
сырлассын,
Жарық іздеп құтылайын түнектен!

Тұске сенген менің осалдығым ба?,
Мендей ессіз жок та шығар
жер бетінде шынында?.
Кешір, Тәнірім, мен өзіңе сенейін,
Лағнет айттым тұнгі түсті ғұмырға!

Алжастырып ақылымды,
жүргегімді жынды ғып,
Есенгіреп ес жинадым булығып.
Тұлкі түстің құйрығына орап ап,
Намысымның нар еменін
алдым ба еken сындырып?.

Енді түсте ғашық болсам сорлымын,
Жүрегімді жұбатсаншы зарлы күн!
Жар таба алмай түсімнен жар ізdedім,
Қырсық па еken бес күнгі бұл тағдырым!

Адам неге алжасады саналы?,
Қара жер ғой алжастыру аланы.
Қиялдан жар іздеп жүрген жүрегім,
Кім біледі қашан тоқтап қалады?.

Шайтан емес адаммың ғой
үмітімді ұзбейін!,
Күн болмаса, түнге көзді сұзбейін!
Тәнір рас жазған болса мандайға,
Сол аруды жер бетінен іздейін...!

ІЗДЕЙІН...

Тұн-ана

Тұн тыныш неліктен караңғы?,
Ару Ай , жұлдыздар жоғалды.
Бұл бұркеп көкті де көрсетпей,
Жасқайды қараңғы жанарды.

Ай да жоқ, жұлдыз жоқ бұл қалай?,
Жартастар жаңғырық тындармай.
Бұлак та сылқылдаپ күле алмай,
Жаралған караңғы тұн қалай?.

Жоқ боран, самалдың лебі,
Қараңғы сәулелер қап-қара тұн еді.
Ақырың, тындашы құлакпен, жүрекпен,
Дүрсілдеп соғатын тұннің бар жүрегі.

Тындаимын селк етем, дір етем,
Тұн деген өлі емес тірі екен.
Жандыға,жансызға бәріне,
Ұйқыны таратып жүр екен.

О, ғажап недеген береген!,
Бәрін де бесікке сыйдырып бөлеген.
Түн -Ана тілі бар айтады бесік жыр,
Кеш болса түн ана түседі төбеден!

Құшағы қаранғы болғанмен нұры бар,
Ана екен аяулы- түн өзі тілі бар.
Қайғынды бөлісіп сырынды ұғынар,
Өзіңмен сырласқан каншама ұлылар?!

Бар әлем сәбиің тербетші, түн ана!,
Арпалыс дүние сен келсең тына ма.
Құшағын қаранғы болғанмен ып-ыстық,
Тәп – тәтті үйкynы бөлмеші, ҰЛЫ АНА!

*** *** ***

Адаскандар қанғырған,
Төзім қалмай тағдырдан.
Қайран топырақ, жер ана!,
Мейірім көрген жанбырдан.

Күй күмбірлеп корымда,
Ши дірілдеп жолымда.
Қара тасты жанғырттым!,
Қайран басты қанғырттым!

Құмырсқаның илеуі,
Топыракта күйреді!
Әрмекшінің торындай,

Алашымның күйлері.

Қайда кеткен ку басым,
Мейілі тауда судасың.
Ғалам тұр ғой Тәнірім,
Аман жүр ғой бір басым!

Кірпікпенен қасым бар,
Жер бетінде асым бар.
(Көкте ғана асылдар!)
Сырынды кім ұғады,
Жылап өткен ғасырлар?.

*** *** ***

Көңілге жыр гүлін өсірем,
Өмірге ғашықпын осы мен.
Аспанның бұлттарын жиып ап,
Параққа өлең ғып көшірем.

Уақыттың қалмайын көшінен,
Бақыттан кей кездे кешігем.
Көруге жанарым жарапған.
Өмірге ғашықпын осы мен!

Кол бұлғап сырғиды әр күнім,
Кара жер көтерген қар мұнын.
Балталап жатса да тағдырым,
Арқалап келемін ар жүгін!

Күмірска ізі бар,
күмдарға тесілем,
Сырларын паракка
жыр қылып көшірем.
Арудың аймалап
түрғандай төсінен,
Білмеймін,
өмірге ғашықпын осы мен!

Қылыш тіл...!

Өмірдің зандылығы бұл да тағы,
Уақыт сырғып, таң атып, күн батады.
Танымынды аударсан тамырына,
Тас таңбалы тарихың тіл катады!

Бағындырсан қиялды сырға тағы,
Шолмылдырсан жүректі жырға тағы.
Қайыңның тамшы тұнған жапырағын,
Күз ғұмыр желіменен құрғатады.

Откен ғасыр бас исе жылға тағы,
Қыл қобызы Қорқыт үнін тындалады.
Тал бесікте тербелген нәресте ұлтка,
Тіл бесік әлдиімен үн катады!

Ұлы түрік тілімен ардақталған,
Сан ғасыр зар заманнан корғап қалған!
Қола, темір дәуірлер сүрлеуімен,
Келген тіл -
Сак, Ғұн, Қыпшак, Сарматтардан!

«Күлтегін», «Тонықектей» іргелі жыр,
Түрікке ортақ түбі бір, дінгегі бір!
Керей менен Жәнібек ту көтерді,
Ұлт бірікті - рухы бір, тілдері бір!

Дәуір көші керуенмен тізбектелді.
Қыс, жазды артқа тастап күз, көктемді.
Тұлпарының тұяғын тас мұжіген,
Қазактар өзін
«Уш жұз»- деп бөлді.

Жыр көбесі күрек тілге сөгілгенде,
Қара сөзді кажалап кеміргенде.
Тілімнің өткірлігі емес пе еді,
Жыраулар хан қасынан көрінгенде?!

Ту тігілген дін менен тілін барда,
Жалғаскан тіл шан баспай ғұмырларға.
Намысын биік қойған арда қазақ,
Алка көлді жағалай шұбырғанда.

От алған ел жаңбырлы жасындардан,
Қайсарлық тамыр жайып Қасымдардан.
Құрманғазы домбыраға тіл бітіріп,
Тілге тірек болған ұлт ғасырлардан!

Абыз бен жыраулардан тілім қалған,
Казіргі күн шұбарланып, жырымдалған.
Махамбет, Исадай мен хан Кенеден,
Найза ұшты тіл қалды Сырымдардан.

Жебедей тас жүректі тескен де- Тіл!,
Сахарада сабылып көшкен де- Тіл.
«Тар жол тайғақ кешуден» шындалғандай,
Семсердей серт бұзғанды кескен де -Тіл.

Отарлық бұлт қаптаған күнімізге,
Біріміз жау көріндік бірімізге.
Рухынды шідерлеп, жүтеп салып,
Құрық салды, дініміз бен тілімізге...

Өз ұлтынан еріксіз қылған -Тіл,
Саясаттың торымен буылған -Тіл.
Ашаршылық жылдары аза тұтар,
Азайып қазағымен қырылған -Тіл.

«Оян, казак!» бірлікке шақырған-Тіл,
«Масадай» жан таласып аһ ұрған- Тіл.
Ахмет, Міржакып пен Мағжандар бо(лы)п,
Жазықсыз жазаланып атылған-Тіл.

Небір тұрлі айыптар тағылған-Тіл,
Отарлықтан тауы да шағылған-Тіл.
Бұлағына еріксіз құм құйылып,
Мектебі де зорлықпен жабылған -Тіл.

Жетпіс жыл абақтыға қамалған-Тіл,
Қайта келді дегенмен жоғалған-Тіл.
Шұбарланып кетпесін казак тілі,
Өрісі енді ғана оңалған Тіл!

Ұлтсыз бен рухсыздан түнілесін,
Бидайдай қауызында ірімесін.
Тарихыңың тамырын құрт кеміріп,
Қылыш тіл қынабында шірімесін!..

Кешкі ой

Пенделіктің мысығы қабағымнан иіскелеп,
Күншілдіктің күшігі балағымнан тістелеп.
Арсыздықтың арланы кескектесе жолымды,
Қызғаныштың карғасы карқылымен сұс төгеді.

Жүргімнің куысын құдік билеп, тұн тұнып,
Жігерімнің қыраны тұғырында сілкініп.
Көже миым көпіріп, ызың толып ішіне,
Қаламым тұр паракка із сала алмай іркіліп!

Көз жіберіп қараймын үрей толы көшені,
Жабыркатып жанымды сүйк самал еседі.
Бөлтірік үн естілсе апанынан кешкүрым,
Жұлдыздарды ағызып, кара бұлттар көшеді.

Іңгәлаған сәби үн бесігіне тығылып,
Көленкелер көбейді, кешке қайта тіріліп.
Ит біткендер қыңсыладап топтасқанда ұйлығып,
Жарыктар да азайды жер бетінен қуылып.

Қабак түйіп адамдар үйге қайтып барады,
Шаршау билеп ақыры жүйке менен сананы.
Тіміскілеп тұлкілер ары-бері жортады,
Ұшып, қонған торғайлар дірдектейді, тоңады.

Тұн моншағы кап-кара кірпігіме ілініп,
Қараңғылық көбейіп қарашиққа тығылып.
Кешкі ойдың мазасыз жетегінде кеткенде,
Адастырып әкетті тұнгі киял бірігіп...

Ішкі сыр

Ақ жанбырдың сырлынан сыр ұғып,
Солған гүлдің тамырына үңіліп.
Орман, судың сыйдырынан тіл ұғып,
Арман қылдым киялымға жүгініп.

Жер бесіктін әлди үнін тындаған,
Желде өсіппін, гуілімен тынбаған.
Тал бесікте інгэлаған сәби ем,
Өрге шықтым уакытпенен зырлаған!

Шын өмірден аспан, жұлдыз қыраттан,
Бұл өнірмен, ерке құрак, бұлактан.
Таулар, дала, жан-жануар ай-күннен,
Жүрегіммен ғажаптығын ұнатқам!

Табиғаттың әсер алам бәрінен,
Ар-ұяттың тамыр алғам нәрінен.
Жүрегімді таза ұсташа тырысам,
Шарифаттың журу үшін жолымен.

Осы маған, әке, бата бермен пе ен?,
Шашыраған нұрға бөгіп жер-көктен.
Көк бәрінің даусын естіп жөргектен,
Асыл анам құшағында ер жеткем!

Асықтым мен поэзия еліне,
Қадам бастым кара өлеңнің жеріне.
Ақ қайыңға қыран, тұлпар, аскар мен,
Ғашықпын мен арулардың бәріне!

Керуен жылмен кетіп жатқан ғасырым,
Көргенмін мен құпияңды жасырын.
Қара өлеңнің қаймағы ғой көбікті,
Емдей білген рухани асылым!

Ой елес

Жанарымнан жасыл ірің ағады,
Кабағымнан ызғар сәүле тарады.
Жаратқанға дұға қылам жалынып,
Сабырлықпен басқара алмай сананы.

Шұрық тесік бұлт көрпелер жоғары,
Пана болмай тондырады даланы.
Жыртығымды жасыра алмай жарығым,
Кірпігімді күнде қырау шалады!

Салтак-салтак балалықтың балағы,
Күшік біткен балакты кеп талады!
Тісі баткан балтырдағы жараны,
Бөлтіріктер «жазамыз»- деп жалады.

Қайдан бірақ ауыспалы күн деген,
Айдан жырак жұлдызы жоқ түн көрем.
Сайдан құлап көлеңкелер шашылып,
Қара тасты жел ызындал тілдеген.

Ара конған гүлдің бәрі тірі емес,
Көбелектер болып алды күлегеш!
Сиынды деп Тәніріне ібіліс,
Миымды кеп жүлқылайды мың елес.

«Ей адамдар, заман ақыр болады!»

Расымен, жер ананың хабары.

Алыс емес заман ақыр аралы,

Адам мінген кеме солай барады.

P.S.

Бүркіт торғай болғаны да жай емес,

Табиғат та бұрынғыға сай емес.

Оңай дейді адам аңға айналу,

Солай дейді менде жүрген ой-елес!

... АҚЫНҒА!!!

(каламның монологы)

Қара өлеңнің серпідің тұңілігін,

Бар әлемнің жырлауға ұлылығын.

Төге бердің кара сөз тамшыларын,

Тере бердім қажымай күні бүгін.

Сандығынның құлыбы тасаланбай,

Бал жырына құнықтым аш адамдай.

Ақ паракты кеміріп із калдырдым,

Тағдырынның таңбасын қашағандай.

Шарпылғанда жасытпай жігерінді,

Жарқылдауға жасын жыр жіберілді!

Киялынның кемесін жүздіргенсін,

Толқындарға тоғытып жүрегінді.

Жыр жаздың жетімменен жесір үшін,
Ак- караны айырып кету үшін!
Арманыңның қыранын ұшырғансын,
Кара бұлтты как жарып өту үшін!

Ақынға туда біткен білімділік,
Ой косар табиғаттың тілін біліп.
Жас қайыңның жапырақ жүргегіне,
Ұя салдың өлеңмен сырын біліп.

Үзындап құлағына Ара ғұмыр,
Қалтырап ызғарына тоңады Гүл.
Жүргегіңнің бесігінде інгәлаған.
Ақпаратқа тіл катты жаралы жыр.

Канбак көніл тұраксыз қанғығандай,
Киялыңның жартасы жанғыра алмай!
Жанарына шілдеде шық тұндырдың,
Жыр гүліңе көбелек кондыра алмай!

Ақпаратқа мейлі, мен мың сүрінем,
Ақынға өлең-ғұмыр тіршілік ең!
Көктем келсе гүл-құрақ кешіп жүрем,
Жыр аңқыса бәйтерек бүршігінен.

Азығым көп, сиям бар жорғалауға,
Сені аңсап сия жасым сорғалауда!
Қаламдығым құрысын қантарылған,
Бір көсілтші Ақыным, болмағанда!

Нөсер

Бір сілкініп қалғандай жастан қырат,
Сел секіріп келеді тастан құлап.
Жанарсыз жапырақтан жас тамады,
Мұнын айтып тұрғандай аспан жылап!

Шомылғандай моншаға тұнық далаң,
Хош иістер анқиды кыр ыктаған.
Мөлдір бұлак сылқылдан күліп жатыр,
Малта тасы дамылсыз қытықтаған.

Сағындырып ғашығы жүдегендей,
Бәйшешектер құлпырды дір еткендей.
Тамши ойнаған тас беті бусанып тұр,
Бұлт ұшықтап сол тасты тұлеткендей!

Куанғаннан далаға сыймай барам,
Жақсы сәтті ешқашан кимайды адам!
Аспандағы бұлттарға алғыс айтам,
Бағанағы жасын от шимайлаған!

Өзендердің толқыны тасып таудай,
Тауға бұлттар асылып ғашықтардай.
Ақырын коштасумен сырғып барады,
Күн сәулесін төгуге асықкандай!

Aге

Ақкайынды ак үлпа кар жаппаған,
Бұтағына нұр шық болып токтаған.
Шетсіз, шексіз сар даламның сезімі,
Махаббаттан құралады пәк ғалам!

«Махаббат» - деп сан жүректер токтаған,
Махаббатты ажалына сатпаған!
Жан біткеннің жанарына жас тұнып,
Ғұмыр бойы тұмарындаи сақтаған!

Долданса да махаббатка ақ боран,
Махаббатсыз құс та канат қақпаған!
Ол, Тәнірдің адамзатка тартуы,
Еріккеннен біреу ойлап таппаған!

Тәтті уын жандар аз ғой татпаған,
Бұйра толқын акқуларын сақтаған!
Құрактар да самалына сүйгізіп,
Бұлактар да махаббатсыз акпаған!

Жүректер мын жүректерді жоктаған,
Махаббатсыз ала таң да атпаған!
Қыран ғашық өрлікпенен шынға ұшкан,
Сан тұлпарды махаббат қой баптаған!

Тыныш түнде ер үйкүда жатпаған,
Махаббат кой қанжарды да саптаған!
Шапағатын сезіне алмай сезімнің,
Махаббатын саткан жаннан сактанам!

Махаббат кой аспан жердің арасы,
Махаббат кой жүректердің жарасы.
Мұнға толы, уға толы жүректі,
Дәтін жетсе тіліңменен жалашы!

Мейлі, сен жалын болып отқа оран.
Махаббаттың күні де әлі батпаған!
Мені жердің махаббаты қолдайды,
Сені көрдім махаббатын соттаған!

Махаббат.....?

Елімнің есіл ерлері-ай!
(Желтоқсан боздактарына)

Бесікті тербеткен үлгі алып ананнан,
Сыр ұғып, күй естіп киелі даламнан.
Бойынды билеген рухтан айналдым,
Елімнің ерлері-ай, намыстан жаралған!

Елді де, Жерді де, Отанды ойлаған,
Ерсіндер намыс пен сертінен таймаған!
Жігерін жебедей жаныған өр мінез,
Қайратын алмаспен, қанжардай қайраған!

Қырандай мұзбалақ, жолбарыс жүректі,
Айбарлы, айбынды, болаттай білекті.
Батырлық, батылдық, кайсарлық сендерде.
Сейілтіп тастайтын каранғы түнекті!

Ер жүрек казактай халыктың баласы,
Өмірге әкелген батыр ғой анасы.
Қаншама ерлер бар ел-жерін қорғайтын,
Бәрін де сыйдырған қазактың даласы!

Желтоқсан желінде қайыспай ызғарға,
Ұлт үшін, ел үшін тайсалмай қыздар да.
Еркіндік, ерліктің тастүлек қыранын,
Самғатты ен биік аскарлы құздарға!

Жанарда жалын бар, жүректе отың бар,
Ләzzат пен Сәбира арулық затың бар.
Мәншүк пен Әлияның ерлігін қайталап,
Қатарын молайтты ер жүрек батырлар!

Кайратым намысты батырсың өр тұлға,
Өзінді ұмытпас елің бар артында.
Ашулы, айбарлы ажалдың оғынан,
Жасқанбай ел үшін жан киған нар тұлға!

Жылжыған жылдарым,
өткенді жасырма,
Батырлық, кайсарлық ерліктің касында.
Ел үшін жан киған елімнің, ерлері-ай!
Есімің сакталар ғасырдан ғасырға...!

*** *** ***

Мен токтаусыз ак жауынға айналам!,
Елдің жүгі, елдің мұны айналам!
Сонын бәрін арқалаймын таймаймын,
Айбалтамын ел тініне қайраған!

Ат жаратып әлі отырмын шапқалы,
Тербетеді туған жердің макпалы.
Шабытымды шакырамын шалғайдан,
Жүргегімде жылтырап жыр шақпағы.

Жанарымды күйдіреді От табы,
Дала мұнды, ак қыраулы атжалы.
Жүргегімнің сырын оки алмайды,
Бұл өмірдің түсіргенмен қакпаны!

Сары батыр рухына тағзыым

(Толғай)

Сәйгүлік ізі бар сар далам,
Санғасыр баба ізін жалғаған.
Сак баба сабыры сакталып,
Сайранын салған жер Сары бабам!

Батырлық құрсақтан дарыған,
Алаштың жаралып қанынан.
Айға атын жеткізген оғылан,
Кайратын қанжардай жаныған!

Көк аспан астында алдаспан,
Жарқылдал батырлар алмаскан.
Он екі атаға батырлық,
Тіні мен тегінен жалғаскан.

Жау корыққан
«Жаубасар ұраннан»,
Қылышын калмактың канына суарған!
Еркөкше, Еркосай ұрпағы,
Торытөбел ат мінген құланжал.

Шокпарын қолында ойнаткан,
Жар асты жауларын жайраткан.
Торытөбел жеті кат жер үсті,
Тұяқпен құмдарын қайнатқан!

Құмайкөз, қырандай екпіні,
Тұн қатып өтіпті көп күні.
Құрғатпай Торытөбел терлігін,
Тебінгі шіріткен тектіні.

Бүгінгі ұрпағы танысын,
Найзадай тік ұстап намысын.
Азаттық жолында айқасты,
Қазақтың туылған бағы үшін!

Шокпарын сілтесе,
Қабырға сөгіледі десетін.
Жонғарды дауылша жапырып өтетін,
Көбікті Бура азу шықырлап,

Жау көрсө Қыранқөз қанталап кететін.
Сары батыр – жолбарыс жорыткан,
Жонғарың қояндай корыккан.
Інісі Баян да,
Қабылан қайсарлық таныткан!

Екеуі бірігіп жауларын күйреткен!,
Қашудың жолдарын қалмакка үйреткен.
Қара жер апшысын қуырып,
Ұлт үшін күндері аз үйде өткен.

Тұн кезіп, канжыға майлаған,
Ақ тудың астында сертінен таймаған.
Шан жұтып,
тұяқтан ыршыған тастарды,
арыстан азуда шайнаган!

Айдарын жел сүйіп,
Жондарын күміс құн қактаған.
Торытөбел тұяғы,
Қалмактың бастарын таптаған.
Ұшкан құс қанаты талатын даламды,
Анасы тербеткен бесіктей сактаған.

Туырлық тілдірмей, белдеуін бекіткен,
Оғылан Сары батыр, кан кешкен етікпен.
(Дұшпанға таптаттай даланды,
Ұранға тұндырып кетіп пе ең!?)

Шығарса жарлықпен хан үкім,
Киінген торкөзді сауытын.
Сарыдай көкжала Уақтын,
Жорыққа бастаған бағытын.

Бірбеткей қайтпайтын Арыстан,
Жүйрігі желменен жарысқан.
Жауларын жайратып кетеді,
Күш алып, ғажайып ғарыштан!

Қалмакты койдай ғып қыратын,
Семсерлі сертінде тұратын.
Абылай ұраны естілсе,
Ойкастай жауларын қуатын.

Соғыста көрсетіп тағылым,
Жүрекке сактаған сабырын.
Үш жүздің Абылай ханы үшін,
Орыны бір бөлек Сарынын.

Батырлар Алашта мындаған,
Ақындар ерлігін жырлаған.
Тұлғасы биіктеп барады,
Жарысып уакытпен зырлаған.

Солардын тұлғасы Сары бабам,
Жорыққа ғұмырын арнаған.
Ел - қымбат, жер – қымбат - Ер үшін,
Шығатын сапарлап жолға аман.

Айбармен жауларын шошыткан,
Тексізден кек алып жасыткан.
Жан алып жауқұмар пасықтан,
Қан кешіп тілерсек асықтан.

Мұз шеке, болаттай білегі,
Қара орман казактың тірегі.
Қар жастап, түнек бұлт астында,
Тыншымай бөрінің жүрегі.

Тан қылаң бергенде тұратын,
«Алла» - деп жорыққа шығатын.
Сайранын салатын сайыста,
Ойранын шығарып қуатын!

Тұтылған заманда мұнар күн,
Ұлт үшін ұрыста сыналдың.
Шұбар төс, шынжырдай балакты,
Екпінің көрсетіп қыранның.

Аспанның астында сомдалған ер мұсін,
Жорықта сынаған Оғылан нар күшін.
Ұлт үшін туылып,
Рухтың нұрымен жуынып,
Шайкаста көрсеткен батырың бар күшін.

Біз үшін жер ана сөктірмей көбесін,
Жел жыртқан жауға атқан жебесін.
Сары батыр көкбөрі, Уактың ұрпағы,
Тарих бетіне жазылған ер есім!

Өзіңмен көбейді батырлар шоғыры,
Жасындај жарқылдаш шарпыған жалыны.
Тәуелсіз күнімде кайтадан лаулады,
Сарыдай бабамның теренде тамыры.
Тамыры...!

*** *** ***

Басталды ма пәнидін дүрбелені?,
Күйкі тірлік кинады күнде мені.
Құлазыған құмайытта бас айналып,
Сауысканға карғалар гүл береді.

О, даланың самалы қүй төгеді,
Темірді әжем, жұн қылып шүйкеледі.
Аксұнкарды қасқырдың апанына,
Әлі жетіп құзғындар итереді!

Бір көленке алыстан көрінеді,
Бәйшешектер сарғайып еніреді.
Өжетсіздер дәрменсіз «тұнілдім» - деп,
Өз жүрегін өктемдер кеміреді...!

*** *** ***

Буырқанып асау толқын жарды ұрды,
Жел жортады, шиырлайды сан қырды.
Құлазыған құнсыз мынау құбылыш,
Аңыраумен сырғытады бар күнді.

Сұрғылт бұлттар, шөгіп алды түнерген,
Адасатын тұмандар бар білем мен!
Сондадағы шабыт тұлпар кісінеп,
Жүргіне арулардың гүл өрген!

Қараңғылық бастырмайды жүз қадам,
Құндағым сен аунап-қунар мұз далам!
Қаракөзім адам түгіл мен сенің,
Жанындағы көлеңкенен қызғанам!

*** *** ***

«Шірігені секілді балық бастан!»,
Бұл мақал баяғыдан қалыптасқан.
Бір макалды бойына дарытпастан,
Абалайды айдарсыз алып кашқан!

Тесік тас қасиетті алып тастан!,
Есік тастан қасиетті жарық тастан!
Жасытпас жанарында дала мұнды,
Әнгіменің бастауы алып кашқан.

Күнің бар ма, күлімкөз тас камалсыз?!,
Жынын ң бар ма, билеші маскара сіз!?
Шала мисыз әнгүдік, әңкі-тәңкі,
Қаралы үйсіз сәбисіз жас баласыз.

Кешікпе кыз, кештерден кеш қаласыз,
Кәсіп теніз, қайықты баскарасыз!
Андымайтын адамды, мандымайтын,
Жандарды «жок»-демеймін маскарасыз.

Ерін мүше, недеген осал нағыз!,
Көніл деген көк дөнен асау нағыз!
Қара талға сүйеніп сұлбаң қалды,
Алақанға мыжылған кос алмаңыз.

Жасырамыз өмірде енді нені?,
Шірігенде үзілген кендір еді.
Зыр жүгірген көздерді сүріндіріп,
Кіндігінен карагөз жел кіреді!

Қыран қалай отырсын қыс тұғырда,
Бұландаштап тұлкілер іс қылуда.
Ай астында із қалған тұнгі сезім,
Аңшылардың кездігі ышкырында.

*** *** ***

Қазіргі махаббат көбелек,
Күн күйдірген канатын.
Ара боп кеттік не керек,
Әрбір гүлге конатын.

Абай рухына

Даркан дала қар көрпеге оранды,
Жапырактар желге ұшып жоғалды.
Бұлтты аспан, қыс құрсауы сары аяз,
Терезенің аржағы өлі қараңғы.

Жырын оқып шыққан соң ба ақынның?,
Сабыр сақтап, үн шығармай жатырмын.
(Бұл сұрапттың шешуі жок сиякты),
О, ұлы Абай сенен асқан ақын кім!?

Адамдар кім?, біздің коғам қай коғам?,
Көру киын бар әлемді айнадан.
Аристотель, Әл – Фараби сиякты,
Неге тумай жатыр казір ойлы адам?!?

Ақын сенің рухына таң қалам,
Қаранғыда қыран болып самғаған!
Мынмен жалғыз алысканда бір өзің,
Сені кандай күш куаты колдаған?.

Күндіз елмен, түнде өлеңмен тілдескен,
Керуен күнмен, тізбектеліп жыр көшкен.
Шындық жыры, ақиқатпен өріліп,
Шынғыстаудың шынырауында үндейсен!

Шыңғыстау

Абай туған- Шыңғыстау!,
Тарихтың бетінде көп айтылған-
Шыңғыстау!
Шанырағына әр үйдің арай тұнған-
Шыңғыстау.
Күн күлімдеп көгінде, жана ай туған-
Шыңғыстау!
Данышпаны өлеңнің, Абай туған-
Шыңғыстау!
«Желсіз тұнде жарық ай»- ән айтылған-
Шыңғыстау,
Жырдың нұры, асылы, арай тұнған
Шыңғыстау !
Биіксін сен аскакын, талай шыннан-
Шыңғыстау!,
Бәрінен де казак бо(лы)п Абай туған-
Шыңғыстау!
Қара кылды как жарып шын айтылған-
Шыңғыстау!
Құй күмбірлеп қобызда, сыр айтылған
Шыңғыстау!
«Жырдың кие ұясы» - дәл айтылған-
Шыңғыстау!
Бесігінде тербеліп, Абай туған-
Шыңғыстау!

Бейуақ

Жел сыйырлап құпиясын құлакка,
Күн конакка бара жатыр қыратка.
Көленкелер жарық сәуле қуалап,
Көк қабағын түйіп тұрды тұракқа.

Ағаштар мен кой қараған бұтаны,
Барған сайын қаранғылық жұтады.
Ыстық түтін жер бауырлап жүгіріп,
Іздеп пана қаңбак біткен зытады.

Баурап алды тыныштыққа маңайды,
Леп кана сипап өтіп самайды.
Үрей билеп отырғанда кас қакпай,
Қызыл жалын қазан түбін жалайды.

Жарық сәуле безіп кетті бұлактан,
Сылдыр, сынғыр ғайып болып құлактан.
Әрбір жерден жымындаса жұлдыздар,
Ай көрінді асығыстау қыраттан!

*** *** ***

Жанарға жанар шағылысканда дір еткен,
Бір-бірін нағыз сүйетін жандар жүрекпен!
Махаббатка арнап жүректеріне гүл екен,
Сарғайса гүлдер, ғашықтарды да жүдеткен.

Сезім тамшылар
көніл жапыракка тамады,
тамшылар көл боп, ақкулар келіп қонады.
Аймалап көлдің, толқының кештің самалы,
Тығылып бұлтқа, ай ару қашып барады.

Тығылып ай да, жұлдыз да бір сәт сөнеді,
Нағыз ғашықтар косылмай неге өледі?
Ғашық жүректі топырак бүркеп жасырды,
Амалы қанша тағдырға пенде көнеді!

Өледі бірак,
лапылдаپ жанып сөнеді,
Тамшылап жасы, бұлдырап көзі көреді.
Адам өлгеннемен,
ғашықтар мәңгі өлмейді!,
Іңгәтап кайта, нәресте ғашық келеді!

Ай болып тұнде, шапағат нұрын төгеді,
Күн болып күндіз, төсінді сәуле өбеді.
Күндіз де, тұн де бір-бірін ылғи көретін,
Аспанның мәңгі, ғашығы қара жер еді...!

Жарқын бауырыма

Жарқын інім, ағана келесін бе?,
Жалпы бүтін сағыныш жел есуде!
Жасыл жайлай, тізілген киізүйлер,
Жанарымды жылыткан ел есімде!

Жасыл бел, жасыл құрак, жасыл дала,
Жасыл жусан кой мүжіп басын ғана.
Жусаған қозы-лактар тәтті еді ғой,
Жақпар – жақпар, қатпарлы тасын кара!

Жүгендер атты еріттеп шаба дара,
Желдіртіп жылқы жыйып таң ағара.
Желіге жылқы иіріп, аркан тастап,
Жас құлышынды шыңғыртып, жана ғана,
Жуасытып құлактап шеттерінен,
Жұтып су кара таудың бектерінен.
Желдіртіп желге қарсы жүруші едік.
Жерге тамыр, тәтті тамшы ат терінен.

Жағалай қымыз ішіп қыдыруши ек,
Жалаңаяқ таудан құлдай жүгіруші ек!
Жып-жылды саумал ішіп бие бауда,
Женгейлер әзіл айтса қызығушы ек.

Жапырып жасыл шөпті аунаушы едік,
Жағаласып құрдастардан қалмаушы едік.
Жай отырмай асай тай еріттеп мініп,
Жас қыздарды тезек терген алдаушы едік.

Жорға мінген күндер-ай тайпалдырып,
Желуші ек, желге қарсы ән сап жүріп!
Жамырап қозы-лактар сүтті іңірде,
Жатушы едік киіз үйде майшам құрып.

Жағалай ак сакалдар кенеседі,
Жабығынан туырлыктың жел еседі.
Жанбырына тоғытылып журген кездер,
Жанардан жел боп ұшты демес едім!

Жылды өлең жазайын жылды ұяға,
Жүргегім айналмасын мұн ұяға.
Жабықтым
туған жерді сағынып кеттім,
Жарқын, билет ал Монголияға!

Ақ арман

Тәніріміз мейрім толы кеңдік етті!,
Тәуелсіздік ак арман келді, жетті!
Көк туынды күн сүйіп еркелетіп,
Көк аспан самалымен желбіретті!

Сапарлап түйесімен күз, көктемді.
Керуен көш кайткан қаздай тізбектелді.
Тарыдай жер төсіне шашылған ел,
Тәуелсіз шаңырағын іздең келді.

Әлемнің кадалғандай бар жанары,
Ғаламның ғалымдары танданады.
Даламның даналығы, даркандығы,
Сағыныштың жырымен сомдалады!

Атажұрт, атамекен, мәнгі бесік,
Қандастарға ашылды барлық есік.
Шаңырағын шалғайдан іздеген ел,
Сарапканың төріне алды көшіп!

Кірпігімді самалың желпіп жатыр,
Самсер сүйіп берілген сертім батыл!
Қанмен жасын сінірген сахарамыз,
Тарихынның наз күйін шертіп жатыр!

Бір шанырак астына ел кешуі,
Алпыс екі тамырдың тербелісі.
Нар Алаш, бар Алаштың бесігі бол,
Татулықтың тұғырлы тал бесігі!!!

Махаббат

Ай астында тұнедім,
Күн астында жүдедім!
Қыр астында түледім,
Мұн астында жүрегім!

Менің қеудем тірі өлім!,
Өмір көргем білемін!
Көнілденем күлемін,
Қыс қырауда іренім,
Күзім кетті сарғайтып,
Мен әншейін құл едім.

Кұмырсқаны корғаған,
Топырак құндақ құм едің.
Әнімдікі бүл емім,
Көктемдегі гүл өлім,
Бәріндікі бір өлім.
Өмір кімнің ұстазы?,
Оны кайдан білемін!

Сұрамандар адамдар!,
Он сегіз мың ғалам бар!
Жеті кат жер үстінде,
Көкке бір сәт карандар!
Тәнірден сон өмірге,
Косқан сені анаң бар!
Ғашық болған әкене,
Әкеге де карандар.

Қайындағы махаббат.
Уайымдады қаталап.
Ақ караның айқасы,
Бір біріне катал-ак!

Өзгермейтін өмірде,
Көз көрмейтін өмірде.
Тәнірдікі махаббат,
Өмір үшін құрескен,
Бәріндікі махаббат.

Махаббат...!!!

*** *** ***

Жүргегімнің ешкім де,
аша алмайды какпасын!,
Тілегім мың бес күнде,
Тәнір ием сактасын!
Жындардың мынау ішінде
жынданып кете жаздадым!,
Санасыздардың турмесі,
мейілі мені соттасын!

Махаббат мұны ішімде,
махаббат еді жазғаным.
Алпыс екі тамырды,
жанымменен тәнімді.
Қара өлеңнің иісін- ай,
буырқантып қозғадын!

Менің кеше түсімде,
махаббаты үшін де,
Дәрі ішіп өлді бір ару.
Махаббатсыз пенденін,
махаббаты үшін бе!?

Бір жігіт тағы асылды,
мейілі түсін, түсінбе,
Махаббатсыз жындарым,
шайқасып жатыр күшінде.

Тәнертен тұрсам бір ару,
махаббат шайын ішуде....
Ажалдың кегі әлі бар,
шықырлатады тісінде.
Жынданып отыр бір жігіт,
махаббат бар-ау ішінде,
Түсімде мейлі түсінбе!!!

Құйынның илеуінде қаңбақ өмір

Арқалаған ғасырды дәуір елес,
Мың жылғы ак кайынның тамыры өлі.
Сан бұлттың арасында сөніп елес,
Жапыраққа жармасып жел үреді.

Боран, ызғар гуілдеп үй тонардай,
Есікten сығалайды заман акыр!
Көбелектер конарға гүл таба алмай,
Канаттары сарғайып бара жатыр!

Жазулар сыр шертеді тастан көрген,
Дала сырын бүркеулі аспан көрген.
Сайға да, жылғаға да тұрактамай,
Қаңбақ кетті домалап сокқан желмен.

Темір азу, мейлі алма кемір.
Тиындей құнсызданған сауда көніл.
Жер домалак болған сон домалайды,
Құйынның илеуінде қаңбақ өмір.

*** *** ***

Уакытпен жарысып келсем мен,
Өленді ағытып көгеннен.
Әлемді таниын дегенмен,
Откенім естелік көнерген!

Ойымның жүлдізы сөнеді,
Ізімді ак боран көмеді!
Даламның сырларын оқытпай,
Санамның бұлттары төнеді!

Жүйкемді жұқартып жүдедім,
Жанымды жылтытар жыр емім.
Тасадан оқ аткан пендеге,
Есалан адамша күлемін.

Құмдарға сінеді тамшылар,
Төзуге шыдамым камшылар.
Жыртығым жамалмай койды ғой,
Мылтығын кезеніп аңшылар!

Менің де арманым бар шығар,
Сенің де талғамың бар шығар!
Бакытты бағалап жүррейік,
Уакытты күтпейік таусылар!

Ешкіммен суыспадым, ұрыспадым,
Ешкімнің шайқағам жок, ырыс бағын.
Бірлігін-ай десенші Еврейдің,
Тірлігін-ай десенші Құмырсканың!

Кан қайнаған казакпыз тамырында,
Камшы ойнаткан жүйріктің сауырында!
Как бөліп ұлтымызды ұйып тұрған,
Жат болып бара жатыр бауырым да!

Кірпігімді маламын тағы мұнға,
Жасымызды сініріп тағы құмға.
Жалғыз қалып ойланам ұрпак үшін,
Жалғызданып жалғанның жарығында!

Кас кылмайды қасқырға қасқырын да,
Екі казак бір-біріне кас кылуда!
Құны жок абырой мен дуние үшін,
Балта сілтеп жатамыз жас ғұмырға.

Иман нұрын себейін жан жарама,
Мейірім нұрын төккен ғой карғаға да.
Әр күннің сынағынан сүрінбейтін,
Тағдырдың таразысы Алла ғана!

Уақыт

Дәуір, ғасыр, жыл, апта, сағат, ай, күн.
Тәнертең, бесін, акшам, тұні, кеште.
Бәріде тек секундка тұрактайтын,
Айналатын жер шары ұлы көште!

Ғасыр сырғып барады бәктерменен,
Жылдар жылжып барады қыратпенен.
Дәуірлердің жалғасы шектелмеген,
Шешуін таба алмайсың сұрақпенен!

Өміріме өрнек салды сан апталар,
Жетіп жатқан тәуліктер тізбегінде.
Тағдырымыз уақытпен паракталар,
Тарихты қалдырып іздерінде!

Сап түзеген сиякты сан айларым,
Таң атса күн бататын ретпенен.
Уақыттың еншісі ғой көп ойларым,
Шабыттың күркесінде тұнеп келем!

Өзгереді тұрмайды заман алда,
Әр тағдырдың басында сынағы көп!
Жер бетінде қарайған бар адамға.
Мына ғұмыр берілген бір-ак рет.

Өміріміз шектеулі осы күнде,
Болмайды енді бір сәтке кешігуге.
Кас-қағымда уакытымыз өтіп кетер,
Тербелейік уакыттың бесігінде!

Мен сені...!

Мен сені аккуға тенер ем,
Аккудан аппаксың не деген?.
Мен сені киікке тенер ем,
Жыр жебе атпаспын жебемен!

Мен сені бұлаққа тенер ем,
Бұлактан мөлдірсің недеген?.
Мен сені құракқа тенер ем,
Желпиді кайтейін жел өлең!

Мен сені жұлдызға тенер ем,
Жұлдыздан жарықсың недеген?.
Мен сені мың қызыға тенер ем,
Жүргім біреу ғой денемен!

Мен сені жанарға тенер ем,
Жанардан бөлексің недеген?.
Мен сені маралға тенер ем,
Іздеумен сан сапар шегерем!

Мен сені жанбырға тенер ем,
Жанбыр да өзгеше недеген?.
Мен сені балжырға тенер ем,
Жүректен шығады ол өлең!

Мен сені акқайың деген ем,
Қайыннан сұлусың недеген?.
Амалсыз токтайың деген ем,
Киялға жүздірдің кемемен.

Мен сені құндызыға тенер ем,
Жанымды, тәнімді ұйыттың.
Мен сені бір қызға тенейін,
Сүйгенім біреу ғой, сүйіктім!

Сол тұні

Сол туні
Кірпігің ойнап,
карашықпенен неге қадалдың?
Түріткілеп кірпік,
жүректен тағы қан алдың.
Сілкілеп жанды,
сабырым неге жоғалдың?,
Ақ ұлпа қарға қан тамшы болып тамармың!

Жаралы жүрек тағы да бүгін тоналдың,
Сары аяз сезім, дірдектеп тағы тонармын.
Осы бір сәтке құрсінем неге соншама?,
Қайырымсыз мынау,
кап-қара түнге қамалдым!

Жүрек тулайды кеудемді бұзып шығардай,
Отыра алмаймын,
тұрсам да бір сәт тұра алмай!
Өлең кесеге жыр құйып саған берер ем,
Жаныма келсен жылыстап жаным жыландаі.

Құрке тұрғызсам, жылышын едік тастардан,
Қардағы ізін ериді, тамған жастардан.
Ойменен мұнды, өлең жазармын өзіне,
Айменен күнді әпере алмаспын аспаннан.

Қадалдың неге, қадалып тұрып жоғалдың,
Үмітті жанмын, табармын сені табармын.
Жанымды неге жарагалау үшін жарагалдың!?
Ақпарағыма жыр мұсінінді салармын.

Сескенбей келсен бір жасап тағы қалармын,
Сетінемеген сезім көрпеге орармын.
Бір тал үкіні таға алмай кеткен жандар көп,
Жыр тал үкіні бұрымыныңға қадармын!

*** *** ***

Жырынды оқып жанардан жас тайғанаған,
Бүгін бақыт кімдер бар ойламаған?.
Өмірін құпия бо(лы)п өткен ақын,
Өлсін ару көркін аймалаған.

Жүректің сұлу жырмен кілтін бұрап,
Гүл ектің акпаракқа тілсіз бірак.
Ай мандайлы аруларға жазылған жыр,
Қарашиққа мөп-мөлдір жыр тұндырады!

Махаббатты жырлауға жол табылып,
От жырынды жүректің қалқаны ғып.
Өлеңмен өлмес мұра қалдырыпсың,
«Жұлдызды жүзік, айды алқа қылып»!

Өр өленге ешкім мін таға алмайды,
Шегелер де темірге кадалмайды.
Бар әлемге дағдарыс келгенменен,
Қара өленге дағдарыс келе алмайды!

Жырынан ұл-қыздарың жалын тапқан,
Махаббат сую, күю, жолын тапкан.
Мағжан ақын махаббаты мәнгілік кой,
Ғашықтар жүрегінен орын тапкан!

Мағжанның «Мен кіммін» өлеңіне жауап

Арыстансың ақиқат деп ал ұрған,
Жолбарыссың бойға шабыт шакырған!
Көктегі бұлт, жердегі жел өзіңсін,
Сом жүрегін жаратылған ақылдан!

Көкте күнсін сәуле шаштың еліңе,
Жыр әкелдің Түркістанның төріне!
Асай толқын, көбік шашқан теңізсін,
Алты Алаштың сусын болған бәріне!

Жалынсың сен жылу алған мынау ел,
Тұлпарсың сен жазым болған құлагер!
Ұлтшыл десін күнә тақсын пенделік,
Есімінді ұмытпайды бірақ ел!

Сен өлмейсің, нағыз ақын өлмейді!,
Жүректерің ел жүрегін тербейді.
Сөзің өткір, жалын жүрек, өзің ер,
Асыл жырын мәңгілікке сөнбейді!

Мағжан болып тудын өзің Алаштан,
Жалғыз болу шын тұлпарға жараскан!
Мағжан біреу, бар қазактың жалғызы,
Жұлдыз қылды жарқыратып көк аспан!

Данышпансың өзінә өзін табынған,
Күннің ұлы жаратылған жалыннан.
«Мен кіммін?» – деп сұрақ қойсан жастарға,
Жырым осы жауап болып жазылған!

*** *** ***

Үйстық демін шарпиды бетті өбіп,
Ай сәулесін аспаннан төкті келіп.
Көлге конған кос акқу секілдіміз,
Косылсақ бұлтсыз, тұпсіз көкті көріп!

Жетуге арманыма бел асармын,
Махабbat дауылында адасармын.
Сені іздеймін өзекті өрт шалса да,
Қайратымды таптауға таласар мұн!

Сағыныштың мөп-мөлдір тамшылары,
Нөсер болып алдыңнан сан шығады!
Өрмекшінің торындай махаббатым,
Әмірімнің өшпейтін шамшырағы!

Кірпігінде тәтті мұн, көп карадың,
Жанарың жасқа толып ақмаралым.
Көнлімнің кірлерін тазаладың,
Аруым, аппак білек, актамағым!

Кешкүрим сезім самал жанды ырғады,
Қалтыратып, мұздатып тондырганы.
Сағымға сен айналып кеттің білем.
Бір тамшы жас бол қалдың тағдырдағы!

Сұлу мұсін кайындаі сүйіктісің,
Маралмысың, ақкумысың киікпісің...?
Жас талға мен сүйеніп ойланамын,
Аспанда ұшып барады биік құсым.

Әлі мені тондырар ызғар көрпем,
Ерімейтін жүректе мұз бар ме кен?,
Кірпігіннің бір талы қанат болар,
Мен үшін сенен сұлу қыз бар ме кен...!?

Ару мұны

Адастың ба ару қыз тұманды,
қа(лы)п?,
Арбады ма ашулы жылан қарап?..
Сол тұманның құткарып ала
алмады,
Қыраттан каксадағы қыран
канат!
Гүлдеп өскен казактың бағы
қыздар,
Жел қакпаған бетінді қарып
ызғар.

Арынменен тәнінді сатканында,
Көрген жанның түршігіп жаны мұздар!

Қарай берші боянып, айнаға да,
Бірақ, қалма панасыз айдалада.
Шылым шегіп,
шараптан жұтқандар бар,
Соны «қызым»- деп жүрген кайран Ана!

Нәзік жандар құлпырып, соласындар,
Бүгін ару, күні ертең анасындар!
Сырын білмей наданның тіліне еріп,
Көкірекке құм құйып аласындар!

Арды сактап,
кырға гүлдей жайқал барып,
(Алтын балық болмайды сайтан балық.)
Жүрек кірін сүртіндер иман нұрмен,
Он сегізін келмейді –ау қайта айналып!

*** *** ***

Мөлдір, тұнық
тамшысында жаңбырдың,
Жусанына жан бітіріп сан қырдың.
Қалам ұшын ақпаракқа қайрайын,
Тамырына жан бітіріп сан гүлдің!

Тәттілігі болады екен әр гүлдін,
Тәтті мұны болады екен әр күннің!
Керегімді іздең жүрмін тағдырдан,
Өлеңімді келешекке қалдырым!

О, махаббат, мен де сенің құлыңмын

Кірпігінде жанарынның жарқылы,
От ойнаса жүрегімді шарпыды.
Караңғы тұн жарық айды қарпыды.
Мұнға шомған гүл жұпары анқыды!

Көрген көзім тұра ала ма шыдап-ай!,
Қыран жүрек талпынады шыдамай.
Мерген сезім ата ала ма құралай!?,
Тұрған жүдеп қалтырады құлады Ай!

Бар үмітті су қүйғандай сөндіріп,
Бәрі бітті кара мұнды төндіріп.
Махаббаттың таңбасы бар жүректе,
Сезім шіркін өз ырқына көндіріп...!
Махаббаттың киясында сүріндім,
Сүріндім де кайта тұрдым жүгірдім.
Жүрегімнің әмірінен аспаған,
О, махаббат, мен де сенің құлыңмын!

О, махаббат, түпсіз терен тұнғиық!,
Тұманыңа адастырдың,
Жүргегіме у құйып!
Таба алмадым, ән арнадым,
жараландым өртендім,
Арманым да, киялым да
жанды жеген бір күйік....!

Ұстаздан алған сабағым

Ұстаздан алған сабағым,
Шипасы болды жараның!
Көзін ашқан сол- ұстаз,
Сан мыңдаған баланың.

Ұстата білді қаламды,
Таныта білді қоғамды.
Біліммен өнер үйретіп.
Өсіре білді санамды!

Ақылың- таза бұлактай,
Білімің- жарық шырактай!
Алып келдің жетектеп,
Құз-киядан құлатпай!

Жүрекке жылу енгіздің,
Анамыздай сен біздің.
«Ақыл» деген аты бар,
Меруерт маржан тергіздің!

Оқыдық алға адымдап,
Бойыма бітті дарын бак!
Сенің арқан емес пе?,
Жүргеніміз жалындал.

Бал егер тамса тілімнен,
Тамған шығар білімнен.
Сусындағып өсірдің,
Қазыналы біліммен.

*** *** ***

Қара жерге қадалып байқарда із бар.
Жылы самал ескенде шайқалды ызғар,
Қанбақ тәнім желге ұшып бара жатыр,
Жүргегімді теуіп жүр сайтан қыздар!

Кірпіктерге түнеген қара сұлба.
Таң ағарса жарықпен таласуда.
Менің мынау миымда қырау дақ бар,
Ойларым ақылымнан адасуда!

*** *** ***

Сағындым, Ана!
Сағындым, Ана!
зарықкандардың бірімін,
Күшағында өсіп
Ақ сұттін емген тұнығын.
Түсінем бәрін, алыста жүріп ойланам,
Кісінеп өлең арнады ана құлышын!

Балғын еркелік, есіріп өстім шалқалап,
Ауылға барсаң келесін құртты қалталап.
Аялап мені, ауыртпай ана, тоңдырмай,
Өсірдің бізді,
Кой жайып, отын арқалап!
Ала қап сүйреп, сарылып тезек тергенде,
Ашықтырмадын, тарығып жүріп шөлден де.
Ауырсан құліп, жүдесен жайнап кетесін,
Бесікте жатқан ұлынды мынау көргенде!
Сағындым, Ана
жүдеу көнілдің нұрысын,
Сағындым Ана,
сенсіз күндерім құрысын!
Сағындым Ана,
тарылды менін тынысым,
Сағындым, Ана!
Сағындым, Ана!
Алақаныңның жылышын!

Махамбетке

Сыбырлап ерлігінді айтар самал,
Жырлауға батырынды ой тамсанар.
Ісылдаған сұр жебе жарқылдатқан,
Махамбеттің жүзіне Ай тамсанар!

Дүбірі бар
тұлпарының қызыр далам,
Құмдарына караймын із ұрлаған.
Ұлтарактай жер үшін атқа қонып,
Аралардан корғады ызындаған!

Шығармаймыз кайғылы ғасырды естен,
Семсер сілтеп,
қылыш қайрап осында өскен.
Бетке айтатын ханға да, қараға да,
Карсы келсе, әділдікпен басын кескен!

Қыран ұшып кеткенмен тұғыры бар,
Жырларында өрліктің тұнығы бар.
Табыты бар далада, жүргегімде,
Махамбет жебесінің сынығы бар...!

Аллаға тағым

Жаратқан ием бір Аллам,
Таратқан нұрын құраннан.
Барлығы хактан құралған,
Тан атқанына қуанғам!

Кешірім сұрап жылаймын,
Есімін айтып Құдайдын.
Есіріп бүгін жұрсем де,
Бесігім жер ғой ләйім!

Бет бұрған кезде құбыла,
Намаздың тойып нұрына.
Алланың барын айтқызар,
Адамның барша ұлына!

Жиганың шайтан арбаса,
Сыйларын дұрыс алмаса.
Пенделік ғұмыр бес тыын,
Иманы бойда болмаса!

Жетімдерінді жылаткан,
Құр калар иман шуактан.
Қарыны үшін жүргеннің,
Орыны болмас жұмактан!

Аллада рахым жоғары,
Құндерін өтіп барады.
Дүние деген алдамшы,
Көз жұмған күні калады!

Жылағанында жалынар,
Сұрағанында табылар.
Сәждеге басын тисе егер,
Күнәларын да арылар!

Пайғамбарымның үмбеті,
Барша адамдардың міндеті,
Аллаға басын «исін» - деп,
«Сәждеге мандай тисін»- деп!,
«Құранның әрбір беттері,
Ашылған кезде «сүйсін»- деп!,
Жазылған еді хадисте,
«Ойна адам түйсін»- деп!

Құранның әрбір сөзінен,
Жұмактың исін сезінем.
Алланың аты оқылсын,
Барша адамдардың көзінен!

Имандылыққа лайық,
Құбылаға бетті бұрайық!
Мадакты айтып Аллаға,
Жүректі нұрмен жуайық!
Күнәміз үшін кешірім,
Намазда тұрып сұрайық!

Амангелді Рамазановқа

(Елуге келген тойына арналған жыр)

Ақпаракка із салды жыр каламым,
Тұлпарлары көп болған бұл даланың.
Нұр таңы саған да енді атсын дейік,
Ұрпағы Амангелді Жылғараның!

Сөйлетініз тағы да бір домбыраны!,
Қызылжарда қалықтасын ән қыраны!
Көнілдің толқып жатқан айдынына,
Ән аккуын Аман ағам кондырады!

Тербелсін ән-жырменен арка бүгін,
Шарыктатып ән шырқасын аркалы ұлын!
Бойынызға ак сүтпен ән дарытқан,
Туған бесік, туған жер –Орталығын!

Ән аккуын кондырып жатыр айдын,
Сұлу әнді сабырмен бақылаймын.
Тағы да бір күйкүлжытып әніне сал,
Ұрпағы рас болсан Атығайдын!

Біздің жакка белгілі есімің де,
Ұлағатты ұстазсыз осы күнде.
Ердің жасы елуге толып жатсыз,
Еслідің тербелген ұл бесігінде!

Өзіндей ағалардан ұлгі алғанмын,
Қасиетті кара сөзге шындалғанмын.
Сегіз Сері, Акандар мен Ыбырайдын,
Ізін жалғап келесіз Біржандардын!

Өнерініз бар сізде көпті озатын,
Жадыраған жаныңыз доска жакын.
Дәстүрлі әнімізге үлес косып,
Әнініздің шапқыза бер акбоз атын!

Ай мен күн жарық болып аспанында,
Ұстаз болып жүре бер жас дарынға.
Қолыңызға таяқ емес, домбыра ұстап,
Әніңізді шыркай бер тоқсанында!

Қазактың кара өлеңін сағынады ұл,
Ұялаған әдемі жаныңа жыр.
Елімізді әнменен сусындарып,
Әніңізді шырканыз тағы да бір!

Мен әкемін
(Бейбарысым туғанда)

Канымда күй шалқып,
Миымда өлеңім көктеді!
Тәнірім сый тартып,
Өленнің өрілді дәптері!
Періштелер жар салып,
Әлемге ғажайып дауыспен.
Кайындар самалмен ән салып,
Ойларым
тілдесті шабыттай ғарышпен!
Жүректің айнасын сүрткізіп,
Тілектің сұңқарын ұшырдың!
Көнілдің көк туын тіккізіп,
Күн нұрын көзіме түсірдің!
Іңгәлап жанымды гүлдетіп,
Ана ғып жарымды сол күні!,
Шаттықпен қанымды билетіп,
Тандайға жыр екті тан нұры!

Элдимен әдемі-i-i әлемге,
Көкбөрі текстестің тұқымы,
«Тәнірім қолдай гөр»- дегенде,
Құрсакты казактың Құт ұлы.
Өмірдің есігін ашыпсың!,
Еслін Солтүстік тасытсын!
Ұл болды тұлабой тұнғышым,
Үйқысыз ұшырдым жыр құсын!
Топырак құндақта аунадын,
Жанменен жаралды бір мұсін!
Жып-жылы көктемде жеткенде,
Сәбидің күлкісін шашыпсын.
Жүрекпен дұға ғып,
ойларым тереннен құралып,
Бейбарыс Сұлтанның есімін мұра ғып.
Әкелер тізімін көбейтіп,
Тілімнен текті сөз шығарып.
Өлеңмен бесікке бөлейін,
Аксутке жыр косып берейін.
Түріннен айналдым тәп-тәтті,
Бір ұлмен көбейді Керейім!
Бұл елің жүрекпен сүйеді,
Қызылжар топырақ киелі!
Нағашын текті елдің баласы,
Бейбарыс Атығай жиені.
Шаттықпен тілектің құстары,
Адами тілменен ұшканы,
Өмірге сен келіп жатқанда,
Әкенді шабыты қыстады.
Текті өлең тебіндең келгесін,

Құлыным бір Тәнірім бергесін.
Бүгінше жылама анаң да,
Бейбарыс бесігін тербесін...!

Кім еді бұл адамдар?

Кеше

Кім еді бұл адамдар?,
Бәріне шыдағандар!
Ғасырдың киясынан,
Сескеніп тұр адамдар.
«Неге»- деп сұрамандар?!
Тағдырға жылағандар.
Барлығы бір адамдар!
Көруге ынтығып ем,
Жас тамды кірпігімнен,
Қасқырлар азу басып,
Алдамшы тұлқі күлген!
Мұн кайта актарылма,
Жата бер батпағымда!
Суарған көздің жасы,
Замана катпарында...!

Бүгін

Жойылды қасқағымда,
Күн күліп аспанымда!
Қыындық күпілері,
Шешіліп тасталды ма?.

Кім еді бұл адамдар!
Күледі жылағандар.

Ғасырдың нұры сініп,
Куанып жүр адамдар.
Құлпырған гүл адамдар,
Тағдырға шыдағандар!
Ел болып тынышталған,
Қазак кой бүл адамдар.
Ұран бар «бірік» - деген.
Мен солай жүріп келем.
Жалғасқан бәйтерек ел,
Тамыры Түрікпенен!

Сен кімсің?!

Сен кімсің,
селк етер жүрегім соншама?,
Сен кімсің,
жүзінен жылулық сезілген?.
Сен кімсің,
караймын тамсана каншама?,
Сен кімсің,
сұрақты оқышы көзімнен!?
Сен кімсің,
Жаралған жансың-ау төзімнен!,
Сен- күнсің
сәулене жылынып барамын,
Сен- гүлсің
киылып қызыға карадын!
Сен- нұрсың
шок шашып қарашиқ, жанарың,

Сен-
акқағаз жыр төгер қаламым!

Сен кімсін,
күсымдай ак арман?,
Сен кімсін,
кетпестей санамнан?.
Сен кімсін,
айдында таранған!?
Сен кімсін,
аккудай жаралған?.

Сен- жұлдыз аспанда сан арман,
Сен -құндіз сұлусың маралдан!
Өзгеше емессін бәрі бір адамнан,
Сен бір қыз туылған ананан!

Әке

Жеті қат көктен,
жеті қат жерден үн тыңдал,
Жетімек ұлдың
жанарына сенсіз сыр тұнбак!
Жансыз бейнеңнен
акыл жанарлы мұн көріп,
Қауырсын жүрек,
калайша енді қырқылмақ!

Топырак көрпен жылы ма Әке, тоңдың ба?,
Қарыздармыз ғой,
парыздармыз ғой алдында!
Сен баккан,
жылқының бәрі жоғалған,
Құлыштарының құлышдары бар мұнда!

Сен жүрген жерлер ізінді жатыр сайратып,
Күн шықты талай өзің кеткелі ай батып.
Құрдастарының көне көздері азайып,
Ұл – қыздарының немересі жүр тойлатып!

Сен шапқан шөптің тамыры талай бүр жарып,
Сен шыққан таулар көзіме түссе мұн қалып.
Шәй ішкен кесең сузынымызды қандырып,
Сен көрген шыбық бәйтерек болды ырғалып!

Дүғалы өлең
(Fabenе)

Ақпарат пен кара қалам арасын,
Жүйрік жылдар шанға бөгіп баrasың!
Тарихтың тасқа басқан таңбасы,
Ғасырлардан ғасырларға қаласың!

Жасындардан шабыт сәуле тарасын,
Асыл маржан, жақұт нұрын табасың!
Абайлардың керуенімен ілескен,
Асылдардың уақыт берген бағасың!

Даралайтын даркан дала данасын,
Саралайтын саналардан табасың.
Солтүстіктің шабыт тербеп бесігін,
Нар тұлғаға айналдырды баласын!

Ғажайыптың сыйын тартып қаламнан,
Қарт жылдардың катпарына қадалған!
Қарашиқка кара сөзден нұр тұнып,
Жаңажолдың құрсағанда жарапған!

Дара жолға даралықпен жол алған,
Қыран түлеп қанат қакты ак арман!
Әдебиет әлемінде қалықтап,
Ерке толқын Есілінде таранған.

Парасаттан тапқан тұлға тұрағын,
Қаскыр заман арқалаған сынағын.
Прозаның жүздірген соң кемесін,
Асаяу жылдар толқынына шыдадың!

Алатаудай барып конып тұғырға,
Мәңгі мұра мирас етті ғұмырға.
Мактануды сүймейтүғын шын тұлға,
Ғабенменен мактанайық шынында!

Бағындырып кара сөздің ғарышын,
Қамшы басып кара қазақ қамы үшін.
Өз кеудесін отқа тоскан өр тұлға,
Бейімбеттей бәйтеректің ары үшін!

Зерделеген тарикта парапын,
Ең көреген көзбен көпке карадын.
Ел көреген енбегінді еселер,
Жорғалаған жауһар сөзбен қаламың!

Қара сөзді қара қалам мұжіген,
Жусан иісті бұркыратып ізінен.
Өткір тілді қайсар Рух бойында,
Қайыспаған қанжар коғам жүзінен!

Тұрсадағы құйын желдің өтінде,
Бусанады рух нұры бетінде.
Тастан қашап ескерткішті тұрғызыды- Ел!,
Жусан иісті жұмыр жердің бетінде!

Құмар елміз бұлт тіреген шынға біз,
Есімінді қайталаймыз жылда біз.
Жапырағын аққайынның жамылған,
Топырағың торқа болсын Тұлғамыз!
ӘМИН...!

*** *** ***

Әр жерден сағым
жылтылдап ойнап түртіп еді,
Бір пәле жатыр, ару бұлттарды сілкілеп.
Кия беттерден тайғанактаса тамшылар.
Ыңза болады дала бұлағы күркіреп.

Өксіген бұлттар шыдай алмайды секіріп,
Сарғайған гүлдер есін жинады кекіріп.
Өзен ашулы ұрғылап жатыр жағаны,
Бұркырап иісі, шөлдеген жусан жетіліп.

Найзағай жебе макпал даламыз тілінді,
Желіккен сел де жыралармен жүгірді.
Оятты білем тамшылар жана тепкілеп,
Жаңғырды тілсіз жартастар қайта тірілді...!

*** *** ***

Ширатып жылды
иірді өмір ұршығын,
Иттердің емес,
пенденін естіп қыңсылын.
Жауыр тауларға кара бұлт барып асылып,
Айта алмай барады,
сарғайып кеткен гүл сырын!

Күздегі боран тамырын шөптің қыршыпты,
Аймалап жатыр дала төсінде нұр шықты.
Терек жүдесе жапырағымен қоштасып,
Қарлықкан даусым жар таска барып тұншықты!

Өлең

Өлең - өзен, мен -шортан еркелеген,
Тонған тәнді жылтытатын көрпеменен!
Көкірегімді шарпыды, өртеді өлең,
Бір тамшымен мас қылып жіберетін,
Қалғысам да кірпіктен шертеді өлең!

Күнге жакын мен сенен таптым айды,
Қалам жүйрік шалдықпай шапқылайды.
Өлең жазбай бірнеше апта өткізсем,
Жүргегімнің қақпасын қакқылайды...!

Кірпік

Көзімде ойнағандай құлқі лебі,
Шымылдығы жанардың кірпік еді!
Былшиқтарын тазартып тік тұруға,
Бәйгедегі тұлпардай сілкінеді!

Дала лебі сүртеді жас ірінді,
Қар, мұз қаткан
мандайдың қасы мұнды.
Қарауылда тұратын кірпігіне,
Қарашиғым ақырын жасырынды.

Тан сілемі шатқалдан атты құліп,
Көкірегім арайға жатты жібіп.
Танғы рауан ұялап кірпігіме,
Қарашиққа шашырай кетті кіріп!

P.S

Аш қыранға коян да, түлкі де бір,
Гүл іздейді көбелек құлқі көніл.
Ал жанардың оққағар сакшылары,
Адам үшін Кірпік- ер, Кірпік – өмір!

Ақын рухына

Қарасаздың талбесігі ырғалып,
Құрсағында әз ананың бүр жарып.
Қара өлеңнің жұпарынан нәр алып,
Қара таудың кас қыраны туды анық!

Жыр қыраны балапандап текті өлең,
Жалын болып лапылдады отты өлең.
Жыр жусанның исі аңқиды көптеген,
Көк бөрінің бауырында көктеген!

Абыздар мен жыраулардан басқа бір,
Өсіп шықты солмайтұғын таска Гүл.
Поэзия албына айналды,
Өмір бойы өлеңге үлес коскан Ұл!

Ақ нөсердің жасыны боп жарқылдай,
Селге айналды бұйра-бұйра толқындай!
Қазагымның жырмен шөлін қандырып,
Аға берді асau өзен сарқылмай!

Сөз жетпейтін ақын бедің тұнғиық,
Көз жетпейтін пайда болды бір биік!
Бал тамызған тандайына талайдың,
Арулардың жүргегіне нұр құйып.

Табиғаттың тылсым үнін тыңдатып,
Жанарынан төгілгендей нұр-жаһұт.
Қалам ұшын қара сөзге кайрап а(лы)п,
Туған жерде өлең жазу бір бақыт!

Жыр қынынан суырғандай қылышын,
Жанын салған ақиқатпен шын үшін.
Пушкинменен, Есениндей болсан да,
Қазағымның карапайым ұлысың!

Өз жолынды кескектеген пенделік.
Қаңбак болды ұшырғанда жел келіп.
Ғашықтықтың ауырғандар дертімен,
Жырларыңа қарық болды емделіп.

Тан ағарып кетті талай тұн ығып,
Керуен жылдар өтіп жатыр шұбырып.
Әмір сүрген уақыт алыс болғанмен,
Аласармас ешқашанда ұлылық!

Жырларыңнан үлгі өнеге мол алсақ,
Кірпігіне қарайтындай жанар сақ.
Жыр ақкуы қайда кеттін оралмай?!

Жетім көлдей дала жатыр сені ансап!

Өлең жырдың жазып кеткен тұнығын,
Еске аламыз Алты Алаштың бір ұлын.
Алатауға карай берем «Сен бар»- деп!,
Қалғандай-ак сонда сенің тұғырын.

Фасырлардан ғасырларға жалғасып,
Қалғанда жок архивтерде шаң басып.
Ел ардактап есімінді жүреді,
Уакыт сырғып жатсадағы алмасып.

Тайғанак өмір

Айнала не бір құпия калың қырат құз,
Тайғанак өмір жығылып тұрып шыдаппыш!
Айнаға егіл бейненді көріп жылап қыз,
Қаймана көніл бакытты сәтін тұраксыз!

Адасқан ойым «үміт сәулесін үзер»- деп,
Асау сабырды ақылым бір сәт жүгендер.
Ал, біреулер алжасып отыр «кірем» - деп,
Заманакырдың табалдырығында тізерлеп...!

Ғабең бейнесі...! ... іздеймін

«Тәнір»- деп тәккен кезде жыр нөсерін,
Шабыттың тұлпарымен құм кешемін.
Ғабең Ғабең болмаса дарын тұлға,
Ұлпанның жаңалығын білмес едім!

Ірісі едін ірілердің ішінде сен,
Сөзбенен ана өмірін мұсіндесен.
Ұлпандай романды оқымасам,
Теріскейдің киесін түсінбес ем!

.....

Аскар тұлған бар қаламда сенің!
Мұраңнан ілім ала алмас едім!
Прозаның жетпесе бізге,
Өзіне тенеу таба алмас едім!

Ұрпағың енді көкке көтерсін!,
Рухани бай мектеп екенсін!
Әдебиеттің акпарағына,
Сөз жауһарларын сепкен екенсін!

Азат күнімнің ай, күнін көрем,
Қазактығымның айдынын көрем.
Прозаныңға бойлаған сайын,
Ғажап тілімнің байлығын көрем!

Ұрпағың енді неге білмесін?,
Текті туынды берे білгесін!
Жұлдызды атың мәнгі жаркырар,
Әдебиеттің әлеміндесін!

Руханиатқа ізгі өткел едін,
Солтүстік шыңы «Сіз»- деп білемін.
Кешегі Ғабен баба бейнесін,
Бүгінгі ұрпақтан іздең келемін....!

Есімі бұйырмаған бесігім

Қып-қызыл жар еді,
Толыбай жылкысы қаптаған,
Қызғылт нұр таң еді,
казаки тамырын сактаған!
Рухтың төрі еді,
тұлпарын баптаған!,
Ұрпағын ұйыткан, топырак сак бабам!

Акқайын әдемі, құнарлы топырак,
еркелеп Есілі.
Батырды туғызған, алаштың бесігі!
Заманның шокпары, қоғамның кесірі,
Бабамның акталмай аманат шешімі...!

Тас жолдың астында рухым жаншылды!.
Жер ана тербеткен күрсағы канша ұлды?!

Туған жер төсінде тектілер азайып,
Ерітіп жіберді рухты кар сынды!

Қызылжар деуге де тіліміз күрмеліп,
Өзгеше боламыз, өзгеше түрге еніп.
Толыбай әuletі жатқан бұл топырак,
Төсінде жас ұрпак басқаша гүлдедік...!

Қазақ

Иман жұзді, нұрлы жүрек дұғалы,
Он сегіз мың ғалам ғұмыр сынағы!
Фасыр бұлтын жанарымен жуады,
Бөрі тектес таудың Тағы Қыраны!

Жел тимеген, жебе сүйген айдары,
Семсер сүйіп серт кешуден таймады!
Бейбітшілік бесігінің айғағы,
Желбірейді бұлттан биік байрағы!

Қарашиғын ай нұрына сүйдірген!,
Дұшпанының көкірегін күйдірген!
Домбыра мұн шанағында күй күлген,
Тас ғасырдың тас емшегін идірген!

Әз отаны көк жалдардың апаны,
Жұмыр кылыш қынабында жатады.
Бабасынан ұрпак өскен баталы,
Татулықтың талбесігі шаһары!

Дала бесік жұпар құрак құндағы,
Тұлпарының тері сіңген шындары.
Құба көрпе тән жылдыткан құмдары,
Иран бакты бау-бакшасы гүлзәрі!

Түйелі көш жерүйкә жетті енді,
Күн еркелеп сүйіп жатыр көк белді!
Қазактықтың азаттығын айфактар,
Көк туымды көтерейік көкке енді!

*** *** ***

Байқадың ба
ыстық жас ыршығаны?,
Өзіңе деген сезім құлшынады!
Бар сырымды актарып тастамасам,
Сағынышым сарғайып тұншығады!

Ак жүзінді көшеден талай көрдім,
Қос жанарды жұлдызға балай бердім.
Ғашықтықтың тікенін жүрегіме,
Жаралап аямастан кадай бердің...!

Сағынышым сен ғана

Үнілемін жоғалтқандай теренге,
Сағынғанда сағымынды көрем бе?.
Құстар қайтты неге мойын бұрмадын,
Жұлдызым бо(лы)п тұрмайсың ба төбемде!?

Аккумысың мерген қылп атпаған,
От деміңе өртенемін, қакталам.
Тан ағарса, күн шығуға таяса,
Келе жаткан өзің екен деп қалам....!

Махаббат

Мұз көрпеде, үйқыдастың Есілде,
Қызылжардың шәрбат самал төсінде.
Жұлдызым сен ай нұрына шомылған,
Бұлт жасырды қыстың қырау кешінде!

Көрінбейді, көрінбейді ай бүгін,
Жел үрлейді құлазытып ойды мұң!
Жүрек соғып үркіп ұшқан аккуым,
Іздеп кеткен секілді ғой айдынын!

Манырайды жетім жүрек жас- лақ,
Анан терек сен көктеген жапырак.
Мөлдір көзің күннің нұры шашырап.
Кірпіктерін неге сырын жасырады...!

*** *** ***

Көніл жүдеу жүрегім тыншымады,
Зуылдап жел естіріткен тылсым әлі.
Ұмытам деп жүзінді жасырғанмен,
Жұлдыз болып төбемде тұрсын әлі!

Махаббаттың шынынан гүл теріп ем,
Басқа уайым жүрекке мұң теліп ең!
Ойымның ормандарын өрт шалғанда,
Паналатқан кара өлең күркө білем...!

*** *** ***

Ұрғылаған кара жер тесік өкпем!,
Елдін жасын етікпен кешіп өткен.
Тұнық көлде аккудан карға туып,
Тастакта жүр көбелек есі кеткен.

Аштан өліп даланың бөрілері,
Сасық суда шаяндар семіреді.
Гүлдер күйіп жапырақ желге ұшқанда,
Ағаштың тамырын құрт кеміреді.

Құйын соғып ашылған тепті есікке,
Тойып алған құтырып кетпес ит те.
Бәз бүреулер кол сермеп күн өткізер,
Ай нәресте тербелген көк бесікке...!

Ақын аға руҳына
(Мұкағали)

Жұлдыз кашып, бұлт шошып,
аспан ашық,
Өзен тасып, шық басып тастан асып!
Акқу ұшып, шашырап киелі күн,
Тұн пердесін нұр шашып жатқан ашып.

Поэзия бұлағын түйе кешіп,
Жебе тіл ой орманда ілебі есіп.
Күй төгіліп сәби үн інгәлаған,
Ақынды тербетеді кие бесік!

Жыл қуалап аязды, кар сыпрып,
Акпанның айбарына қарсы тұрып.
Асыл ана өмірге үл әкелді!,
Мұз болса да жанарға тамшы тұрып!

Тас кеуделер жүрсе де баласынып,
Темір түйін какпадан ой ашылып.
Рухы өр, болат жігер қайсар ұлмен,
Сырласуға кешкүрим Ай асығып!

Көкірегі өртенген ғашық ұлды,
Бал жырымен араласқан ашы мұнды.
Жыр шындық кітабына өлең жазып,
Сөзбенен кестеледі ғасырымды!

Өлеңмен өрнектеліп сан құз қырат,
Тамыр жансыз, дәрі шөп жалбыз құлап!
Есерсоктар бұлакқа құмын құйып,
Құса болып өттің бе?, жалғыз пырак!

Бұлт сырғып, ай тербеліп бара жатыр,
Таулар тілсіз гүл солып жағада тұр.
Поэзия акқуы қайда кеттің?,
Жеттім көлдей сені аңсап дала жатыр.

Ақкағазға кесілші, тұрма калам!,
Шабыттың бәйтерегін ырғап алам.
Акпанның тоғызында туған ақын,
Сәби үнсіз жанғырық інгәлаған!

*** *** ***

Талай ізін салады құс қаламым!,
Күміс шықпен жеткізді қыс хабарын.
Құз ғұмыры сар жапырак үзіліпті,
Қайран уакыт жүзінде ұстаранын!

Аккыраулы сары аяз қыс қабағын,
Үнсіздікпен жеткізем қысқа бәрін.
Қара жерім жабылса макта карды,
Елемейміз ұйытқыған қыс боранын!

Төрт мезгіл,
бес күнгі өмір қысқа бәрің,
Сұрапыл сұмдық көрсем сұстанамын!
Өткенге карай-карай көзім талды-ау!,
Көктемде жеткізеді құстар әнін..!

Қара қыз

Аспан тұр күрсініп,
Басталды тіршілік тағы да.
Көзіме қап-қара тұн сіңіп,
Тыныштық орнады жаныма!

Жұлдыздар көгімде сырғанап
ағады,
жанымды даланың гүлге орап самалы!
көнілге көрікті ой көктетіп барады,
Сезініп саф тұнық ауаны!

Жазылды тағы да тұнгі өлең,
Көкірек нұрменен гүлдеген!
Шабыттың ғарышын кеземін,
Өлеңмен сырласып тұнде мен!

Кайда еken кешегі кара кыз?,
Салқындалап кеткен жоқ,
алыстап кеткенмен арамыз.
Кап-қара бұрымын,
тұнгі бұл самалға тараңыз!
Мен тұрмын далада,
далаға шығыңыз, қараңыз!,
мәнгілік емеспіз
бір күні сөнеміз
жұлдыздай ағамыз!

Амал не? тағдырға көнеміз
уақытты санаңыз!,
Сағыныш көрпесін жамылдып келеміз.
Кайдасын, кара кыз?!

далаға шығыңыз қараңыз,
мүмкін біз кездесіп каламыз...!

Аккайынды тербеткендей
жапырактың дірілі,
Көз бұлдырап, көрінбейді
ару қыздың тұлымы.
Сабырымды дауыл шайқап түрғандай,
«Жаным»- дейді
жүргімнің күбірі мен сыйбыры!

Ақылъыма ой кеселі бара жатыр бағынбай.
Кеудем күйіп күмбірлейді
Асан қайғы зарындарай!
Жерұйықтан іздел жүрген сынарын,
Акку құстай қанатым да қағылмай!

Тау мен таска соғылады сор мандай,
Жан дүнием селге кетіп қалғандай!
Топыракқа тамшы болып сінеді,
Кірпігімнен мөлдір мұным тамғандай...!

Жұдырықтай жүргім
кеудеме әрен сыйып тұр!,
Көкірегім өртеніп
жан дүнием күйіп тұр.
Құлімсіреп жымып, жақын келдің жаныма,
Жанарынды мен емес, күн сәулесі сүйіп тұр!

Өзегімді өртейді
жакындашы от демін,
Қысқа айналып кетпесін,
кештеу келген көктемі!
Маған да бір мүмкіндік
тудырарсын жаным-ау!,
Санамда әлі сакталар
дәл осы бір сэттерім...!

*** *** ***

Қазак – батыр, казак – ер, казак – алып!,
Қазак – ақын, казак – ел, казак – халық!
Жердін жүзін мың рет айналсам да,
Таба аламаспын дәл сендей ғажап Халық!

*** *** ***

Жанарына жас тамшысы конбасын!,
Қабағына әжім ізін салмасын!
Саған бакыт сыйламаса япыр-ай!,
Алдымыздан ататұғын танға сын!

Жүргіне жай көбелек конбасын!,
Кірпігіне күннің нұры орнасын!
Ақкайында ару қыздың бірісін,
Жапырағына мұнның жасы тамбасын!

Өмір өзен айдынына қонғасын,
Асай толқын саған тұсау салмасын!
Лайықсын бұл өмірде бәріне,
Бақытынды уакыт келіп жалғасын!

*** *** ***

Мөлтілдеп әдемі жанарың,
Жүректің көзімен карадың!
Қайындаі кіршіксіз тамағың,
Айырмай көзімді карадым!

Паракка із салып қаламым,
Шарапқа мас болып барамын.
Әдемі аккуы ананың,
Көнілдің көліне ұксайды жанарың!

Аскардан аялы ас Арман,
Мұсінің аккардан жасалған!
Еріннің табыда тұспеген,
Дірілдеп қеуденде қос алмаң.

Жырымның естіріп самалың,
Бұрымнан бір сипап қалайың!
Сөзінмен балқытып барасың,
Көзіннен бір сүйіп алайың!
тәтті екен...!

Қара бесік

Бала күнгі кеш құрым самал есіп,
Бар ақынды кеш бүгін қара бесік!
Бөбек исім сіңіпті ағашына,
Келеміз қасиетіңе қарап өсіп!

Шабыт берген секілді жылқы маған,
Бөлейтін кеудесіне жылтып А нам.
Сені көрсем бір әсем күйге енемін,
Жөргегімнің иісін-ай бұрқыраған!

Құндағына айналған нәрестенің,
Қазактың құт бесігі емес пе едің!?
Аналар тербетеді оң қолымен,
Бүтін тағы көзіме елестедің...!

*** *** ***

Ойқастаған далада ақ бораным,
Көкірегіме көсеумен от қаладың!
Қанат қақсам жақсының аспанында,
Аяғына жаманның тапталамын!

Жекпе-жекке шыбынмен шығып жүрмін,
Сақарада қасқырдай ұлып жүрмін!
Жалғыз қару қаламды сілтегенде,
Құмырсқаны жонғардай қырып жүрмін!

*** *** ***

Өмір қатал жүзі ме едің балтанын?,
Құс боп ұшып, құлан болып жортамын.
Адамдардан, табиғаттан, тастан да,
Тіпті өзімнің көлеңкемнен қорқамын!

Ұлы дала бесігім

Абылай көш бастаған алып едің,
Кенесары жолбарыс жалын едің.
Жекпе – жекте
ジョンガルラードың басын кескен,
Бердәuletұлы батыр Жәнібегім!

Қабанбай, Бөгембайдай арыстаның,
Жығатын құмқаптырып алысканың!
Шакабай, Махамбет пен Исадайлар,
Жебеге жанып өткен намыстарын!

Қобыз, Сырнай, Домбыра жырларың бар,
Абай, Шоқан, Ыбырай шын дарындар!
Шәкәрім, Мағжан, Мұхтар дара тұлға,
Қажымұкан, Балуан Шолақ ұлдарың бар!

Алатай, Хантәңірдей шыңдарың бар!,
Домбыраны сөйлетуге туған ұлдар.
Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей,
Сегіз Сері, Ақан сері, Біржаның бар!

Мұқағали мұндастан ұлы далам,
Тарихтан белгілі сыры маған.
Бауыржандай батырды туғызған ел,
Ұрпағына болмашы бүтін алан!

Жырлаған Жұмекен мен Төлегенде,
Фариза кызы ғашық болған өр өлеңге.
Әлия мен Мәншүкті туғдырған жер,
Бүтінде танылды ғой бар әлемге!

Біз жүрміз ұлы дала бесігінде,
Аккайынды Қызылжар Есілімде.
Баһадүр бабалардың арманы боп,
Жылдар жылжып жеттік кой осы құнгे!

Көк туым көзімдегі қарашибілім,
Ән ұран, Ата заң ғой бар асылың.
Ұлы дала бесігі шайқалмасың,
Әлі талай жырлармын дала сырын...!

Женіс туы

Сұрапыл құндер,
ұйқысыз тұндер соғысқан,
Бөрілерменен арпалыскандай арыстан.
Отанды сүю, даламды корғау жолында,
Корықпаған ерлер атыстар менен шабыстан!

Отпенен октан, ак боран менен дауылдан,
Топ-тобыменен, майданға қарай ағылған.
Талғат пен Токтар,
Рақымжанменен Қасымын,
Мәншүк, Хиуаз, қаһарман ұлын Бауыржан!

Батырлар туған казакта, талай мындаған,
Қабілеттерін соғыста қайрап шындаған!
Шайқасқан кезде, айқасқан жерде дүшпанын,
Тізе бүктірмей жан беріскеңше тынбаған!

Ардагер ұлдар женістің жолын тандаған,
Аман қалғандар ажалдан октан, бомбадан!
Нар қазағымның бейбіт бесігі тербеліп,
Ұлы далама тыныштық бүгін орнаған!

*** *** ***

Тойлап жүрсем де Аллаға дұға кыламын!,
Жеткізген бізге нұрымен Құраны мәлім!
Көп жасау деген ақсақал міндеп емес кой,
Бакиға барсан ол жактың сұрағы қалың.

Білгенге кейде бұл өмір тозактан киын,
Ірің боп кетер ақылын азайткан миың!
Мылқау боп неге тумадым ымын түсінер,
Сөз біліп тұрып біреуге сөз айткан киын!

Бір кезде біз де қыран боп ұшып жүргенбіз,
Абылайханның кешегі түсінде жүрміз.
Ауылдан келіп қалаға бұлініп кеттік,
Бұлініп кеткен көшенің ішінде жүрміз.

*** *** ***

Ананы туғызған киелі даламыз,
Домалақ анамен Айшабибі анамыз.
Айғаным, Зере мен Ұлжан мен Ұлпаннан,
Аналар жолынан біз үлгі аламыз!

Томирис патшайым жүректе отын бар!,
Әлия, Мәншүк пен Хиуаз батырлар.
Фариза, Марфуға, Мариям ақындар,
Жырларын жас үрпак оқындар!

Қазактың қыздары көтерген нар күшін,
Жас үрпак тілекпен жеткізер алғысын!
Азат күн өткенге көз тіктім,
Қазактың қыздары бармысын...!?

Мағжанның сонғы сөзі

Ақын жүрек өксіп жатыр құсалы,
Аккайында естілмейді құс әні.
Аскарымда қыран қанат қаға алмай,
Аспанымда неге карға ұшады!?

Кенесіннің кесір желі соғады,
Желмен бірге қазак босып барады!
Рухымды талап жатыр күшіктер,
Торда отырмын жан дүнием жаралы!

Ақынмын ғой мен өлмесем арман көп,
Енді менде күш кайрат та қалған жок.
Қазак күнің,
ғажап күнің, азаттығың келсе егер,
мен жолында құрбан болсам арман жок...!

*** *** ***

Сұбелі ой, сүмбіле жыр кондыра алмай,
Қырандарға кияда тор құрап-дай!
Аккайың жапырағын сарғайтқан күз,
Суық самал еседі тондырардай!

Тас көше, тас қабырға ызғарланған,
Сұлу өлең жазылмай қызға арналған.
Мұндас қала сенің де келбетіңен,
Сары сәуле жүректе ызғар қалған!

*** *** ***

Коспады өмір өлердей сан ғашықты!,
Жүрек қыран ашығып анға шықты.
Махаббаттың жап- жасып шымылдығы,
Түрілгенмен қуарып шаң басыпты.

Гүлге ызғар қараңғы тұнде асыкты,
Құлпырғанмен сарғайып күм басыпты.
Әрт махабbat ашылmas тұманың бар,
Адастырдың өртедің шын ғашықты...!

Елім – айдан жеткен мұн

Бұл заман болды елге киын заман,
Шіріткен тамам елдің миын заман.
Шұбырғанда ізінен шаң борайды,
Қағынды қазак үшін биыл заман.

Кожаберген жырау

Жусансыз қүрәң бел, сүренсіз мол күм,
Сөйлетіп көрейін даланың жанарын.
Шұбырған актабан жылдардың үнінде,
Күбірлеп үн катар үздіккен қаламым.

Жаспенен ұрғылап ғасырдың камалын,
Жасперен канатып балтырын, балағын.
«Алқакөл сұлама» сұрапыл қырғында.
Шөгірді таптаған тілінген табаным.

Дауылын тұрғызды меніреу даланың,
Тастарды үгіткен екпіні даланың.
Бураны боздаткан мұнаркүн астында,
Тайлактай тентіреп бос кетіп барамын,

Мандайға тигізбей мамық кеш самалын.

Тандайға тамшы жас ерітіп аламын.

Көбікті лайлап толқындар жар сүзіп,

Шайқаған Алаштың тұп-тұнық заманын.

Қобыздың үнімсін рухым егілді,

Қазактың көзінен қайғы жас төгілді.

Бірліктін тұғырын, талқандап тасқындар,

Асуызың қыратты сел жүріп кемірді.

Кураған калпында бәйтерек түбірі,

Шулаған орманның, құлакта құбірі.

Жүгенсіз, жүйріксіз жабағы мінгендей,

Ерлерді тенселтіп тебіңгі шіріді.

Қаңбактай бағытсыз сайларды сағалап,

Қазықта тыптырып байлаулы қазан ат.

Иесіз кісінеп қазығын тарландар тарпыды,

Найзаға сүйенген батырды мазалап.

Белдеулер кесіліп, кереге сынғандай,

Өрт шалған туырлық тұл болып тұрғандай.

Үықтар шықырлап, босаға сықырлап,

Азалы дауыстар жартаста тұнғандай.

Жұртыймыз жұртынан тұн катып босыған,

Шұбырып барады бак ұшып басынан!

Танымай қалғанда Алашым бағытын,

«Елім-ай»- деген бір естілді асыл ӘН.

Ел есін жиганда арнаға сыйғанда,
Тұндегі ай,
Күндіз күн шуағын құйғанда.
Алашым көтерді ак туын аспанға,
Ел есін «Елім-ай» жырымен жыйғанда.

Бірліктің бесігін, татулық тұғырын,
Шайқамай Алашым тік қадап уығын.
Шалмалап асауды, кигізіп құрығын,
Ақкудай желбіреп шығарды бір үнін.

Жау түгіл дауыл да екпіннен ығады,
Өтті ақыр осылай уақыт сынағы.
Түйелі көшіміз бағытын түзеді,
Дұбірге ұласты батырлар ұраны:
«Елім-ай!»

Жорықтың ізі бар

Жұз жиырма төрт мың пайғамбар мен
Отыз үш мың сахабада дүниеден өткен.
Солардан Кожаберген артық емес.

Кожаберген жырау

Сактарда сақталған Ғұндардың жалғасы,
Күнге де қакталған Ай жүзді алмасы.
Топырак қабірлі қобызбен үндеңсан,
Жетті кат жер үсті – Алаштың ордасы.

Семсермен ойылған тастағы таңбасы,
Құрғаған заманда ғасырдың көз жасы.
Жылдармен жарыскан тарих шындығы,
Домбыра үніндей күйлетіп толғашы!

.....

Ақ тудың астында
Ұлы ұран шалқыған,
Рухты жалынға болат та балқыған.
Қаратас үтікен, көк мұзды жібіткен,
Жолбарыс күштерін жорықта сарқыған.

«Алла»- деп ат мінген Абылай жорығы,
Айлалы дүшпанды әулие таныды.
Абыздай ақылды, карт жырау батыл-ды,
Шайқаста жорықтың женісін жорыды.

Тан қылан бергенше қантарған тарланын,
Томаға білдірмес қыранның тонғанын.
Бес кару асынып, дүшпанын кашырып,
Қанмен суарған майырылмас қанжарын.

Жасындај жарқылдап азуы шықырлап,
Қабакка тұн түнеп сауыты сықырлап.
Жебесі жел жыртып найзамен түйреген,
Жауының сүйегі күл болып,
Сыныпты бытырлап.

Тұякты тұлпардың шаң ойнап астында,
Көк жалдың тұқымы айналып касқырға.
Мекенін таптатпай, апанын корғады,
Пана боп дауылда, бөгет боп тасқынға.

Құн күлмей ел үшін ұйқысыз тұн қатқан,
Жас тұнған жанарын желменен құргатқан.
Толыбай сыншының сыйнығы екенсін,
«Елім-ай» жырымен тарихым үн қатқан.

Қызылжар қыраны,
Алаштың ұраны,
Ғұлама жыраудың әулие шырағы.
«Бүркіт конғанда»,
Нұлы орман ішінде,
Жыраудың, батырдың мәңгілік тұрағы!

Таулардан биіксін,
Аспандай асқақсын,
Жорықта жүйрікпен қолынды бастансын.
Жазық бұл далада құрсақта жааралған,
Тұлғаның тұлғасы екенсің асқақ шың!

Кесірітке қылғанмен біздерді кенесім,
Рухпен жинады бүгінде ел есін.
Жорықтың ізі бар бұл жұмак мекенде,
Алаштың ұрпағын рухың жебесін!

Арбасары (поэма)

Жылдар жылжып керуен көш жалғасады,
Уақыт жүйрік жүйріктер алмасады!
Жана айды тудырып түн анамыз,
Күн күлімдеп асығыс тауды асады.

Әкем менің көшуге кам жасады,
Анам менің атанға шом жасады.
Қолу ағам шөгеріп қара атанды,
Бекен ағам жүк тасып колдасады.

Қыстаудағы бекіттік әр қашаны,
Жайлauғa әкетпейміз сар масаны.
Қозы-лакқа көгенсіз пана болар,
Түйеге тенденейміз торкашаны.

Секу ағам жалына жармасады,
Шалма арқансыз тұратын колға сары.
Бір қорадан жұз жылқы өркізуши ек!,
(Нұрлан ағам мінетін арбасары.)

Секу ағам жеккенде атарбаны,
Құйысканы құйырыққа мatalмады.
«Сонғы түйе жүгі ауыр» - деген қазак,
Деп әкеміз мырс етіп макалдады.

Аттың аты тартатын атарбаны,
Жегіп көрген жок едік атанға әлі.
Жүк тиеген арбаның үстіне кеп,
Бір туғандар жайғасты қатар бәрі.

.....
Әкеміз ат мінгізді, «қойдан қалма»,
Қарыныңыз ашпайды айран барда.
Ай мүйізді серкелер қой бастайды,
Жайлауға жетеуші ек көз байланғанда.

Жолазықты дайындайды жаным анам,
Жан емеспіз ешқашан жарымаған!
Қыстан калған сүрісін капка салып,
Құрт беретін қалта толы менін анам.

Жылқышының кенжесі едім торы ат міндім,
Жылқы сырын әкем айтқан санап түрмүн.
Арбасары көш бастап желіп барады,
Құлақшынды кисайтып қарап түрмүн.

Қыстын да елемейді дауылында,
Қамши ойнайды сарының бауырында.
Ағылыш акпаратқа жыр төгейін,
Тағылық болмайды ма тау ұлында!

Сен кеттің көшпен бірге қыратты асқан,
Ізінді сенен кейін Сұрат басқан.
Киіз үйді жайлауға жеткізуші ең,
Біздің үйдің біреуін жылатпастан!

Әкеміздің сактаулы тұр шалмасы әлі,
Көз алдында сары аттың арбасы әлі.
Арба деген казакқа үйреншікті,
Карғаменен құзғын да жер басады!

Көші берер уакытпен көшкен елім,
Дей алмаймын сары атты мәстек едін.
Талай тұлпар арбаға жегіліп жур,
Ескі үйде шырқалған ескі өлеңім!

Әлі туар өзіндей арбасары,
Дәрімен құрыт алмаспыш сары масаны.
Өмірдің көшіменен аман болсақ,
Болашаққа сапарымыз жалғасады!

Жылқы тектес казакпыз елендеген,
Жырымды ағытайын көгендеген.
Қанжығама керекаптың исі сіңген,
Шабыт келсе шабыспен дәлелдегем!

Көп шығар жүйрік сары, жорға сары,
Қарасам күн де сары, ай да сары.
Өгіздей күшін менің әлі есімде,
Өзіндей ат көргем жок арбасары!

Ескерусіз тұлпарым кетпекпісін,
Менің мынау жырымнан көп те естісін.
Өрен дерем өзінді Арбасары,
Өлеңменен койайын ескеріткішін...!

Аманжол Зағыпарұлы 1985 жылы 23-желтоқсанда Монғолия мемлекетінің Баян-Өлгий аймағының Алтын-цөгце ауылында дүниеге келді. 1993 жылы мектеп табалдырығын аттайды. 2003 жылы мектепті бітірген-нен кейін, атажұрты Қазакстанға оралып, СҚМУ-дың жанындағы даярлық тобында оқиды. 2008 жылы Мағжан Жұмабаев атындағы Петропавл қалалық гуманитарлық колледжді үздік дипломмен бітіріп, сол колледже қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы болып 5 жылдай қызмет аткарып, казіргі уақытта Ерік Аскаров атындағы облыстық ақындар мектебінің жазба ақындық бағыты бойынша жетекшісі қызметін аткаруда.

Жетістіктері:

2005 жылы Ақмола облысы ақын, жазушы, драматургтарының шығармалары бойынша көркемсөз оку шеберлерінің 1 облыстық байқауында әуесқойлар арасында 2 жүлделі орынға ие болған...

Солтүстік Қазакстан облысының әкімі болған Т.А. Мансұров жариялаған «Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы – Қазакстан гүлдену жолында» (2006) атты рефераттар байқауының I дәрежелі сыйакысының иегері.

Наурыз мейрамы қарсанында өткізілген облыстық ақындар айттысында I орын (2007), облыстық білім беру департаментінің ұйымдастыруымен А.Құнанбаевтың 160 жылдығына арналып өткізілген «Абай окуында» бас жүлдені женіп алды.

Солтүстік Қазакстан облысы Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы өткізген М. Жұмабаев оқуларының «Мен жастарға сенемін» аталымы бойынша I орынды, Республиканың Тәуелсіздік күніне арналған қалалық II

мүшэйрада I орын қанжығасына байлады.

Алматы қаласында Қазакстан ұлттық телеарнасында жексөнбі сайын өткізіліп тұратын «Аламан айтыска» катысып, облысымыздың намысын корғап, абыроймен оралды.

Солтүстік Қазакстан облысының Білім департаментінің ұйымдастыруымен Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығына арналған облыстық әдеби окулардыңда «Жүргім жырмен тербелген» аталымы бойынша I орынды женіп алды (2008).

2008 жылғы М. Макатаев атындағы II Республикалық ақындар байқауының дипломымен марапатталса, 2009 жылы осы байқауда II орынды женіп алды.

«Менін Қазакстаным, менің жерім» атты республикалық жас шығармашыл жастардың байқауында III орын иегері.

Облыстық Нұр-Отан бөлімшесінің ұйымдастыруымен өткен «Мен жемкорлыққа қарсымын» атты облыстық жас ақындар мүшэйрасының Бас жүлде иегері.

Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Абай мен Пушкин» атындағы облыстық ақындар мүшэйрасының женімпазы.

Киелі Сырдың бойы Қызылордада Нұр-Отанның он жылдығына арналған республикалық ақындар айтысына белсенді катысып, дипломмен марапатталды.

Көкшетау қаласының 185 жылдығы, Ақмола облысының 85 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысына белсенді катысып, дипломмен марапатталды.

2010 жылы Академик, жазушы С.Мұқановтың туғанына 110 жыл толуына орай өткізілген облыстық мұ-

шайрада II орынды иеленді.

2010 жылы Қазакстан Республикасы Тәуелсіздік күнінен жоғары біліктілігі үшін Алғыс хатпен марапатталды (Петропавл қаласының әкімі Н.Әшімбетов)

2010 жылы Астана қаласында өткен Халықаралық «Шабыт» фестивалінде дипломант атанса, 2011 жылы Шымкент қаласында өткен республикалық «Шешендік өнер» байқауында жүлделі III орынды иеленді.

2012 жылы Шымкент қаласында өткен «Кәнеки, тілім сөйлеші» республикалық байқауда III орынды қанжығасына байлады.

2012 жылы Көркемсөз оқу шеберлерінің Оралхан Бекей атындағы қалалық байқаудың I орын иегері.

2012 жылы Петропавл қалалық ақындар айттысының I орын иегері.

«2012 жылдың Патриоты» номинациясында мемлекеттік тілді дамытуға және насиҳаттауға қосқан үлесі үшін жас ақындар клубының жетекшісі ретінде СҚО әкімі С.Біләловтың дипломымен және облыс әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

2013 жылы Мағжан Жұмабаевтың 120 жылдығына арналған «Мағжан көктемі» 2 республикалық өнер фестивалі Мағжанға арналған жазба ақындар мүшайрасының көтермелеге жүлдесі.

2015 жыл Петропавл қалалық білім беру жүйесіндегі шығармашылық енбегі үшін Құрмет грамотасы.

2019 жылы Республикалық «Әбіш әлемі» шығармашылық конкурсында «Әбіш Кекілбаев – айшыкты ақын» номинациясының иегері (Нұр-сұлтан қ.,)

2019 жылы «Ауыл» Халықтық-демократиялық партия-

ясы мен «Әдебиет» порталы үйімдастырған қаламгерлер арасындағы дәстүрлі халықаралық «Ауылым-алтын тұғырым» әдеби байқауында поэзия жанры бойынша Төлеген Айбергенов атындағы арнайы жүлде женіп алды (Нұр-сұлтан к.,).

2019 жылдың 14 тамыз күні Лисаков қаласында «Сәлем, әсем қала Лисаков!» атты Республикалық ақындар айттысында «Салмақты ой» номинациясының иегері (Костанай к.,)

2019 жылды «Қайсар.kz» коғамдық бірлестігінің «Рух жанғырығы» атты аймақаралық ақындар мүшәйрасының 1 дәрежелі дипломы (Павлодар к.,)

2021 жылды Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және ҚР Жазушылар Одағының мүшесі, қаламгер, ардагер ұстаз Зекебай Солтанбаевтың 90 жылдық мерейтойына орай үйімдастырылған «Азат елдіңabyзы» атты аймақаралық жыр мүшәйрасының 1-орын иегері атанды (Павлодар к.,).

Өлеңдері «Қызырлы Қызылжар», «Дауылпаз баба Кожаберген жырау», «Үкілі үміт» жинактарында, «Сөз Маржаны» он томдық антологиясында, «Көкшетау жас ақындары» антологиясында, облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрді.

Мазмұны

Карға ізіндегі қалам жыр	4
Тағдырымның тамшылары.....	6
Жас сәттерім коштасуда ерте күн.....	7
Қалам ұшы қағазға шер төгеді.....	8
Аналарды сағынайык!	8
Ай қонактап мәңдайға	9
Көңіл	10
Тұғырда қыран	11
О, Кызылжар!	13
Қайын	14
Сәттер-ай!	15
Кездесу	16
Тілім кайда...?	18
Астанасы алаштың	19
Желді Желтоқсандағы отты жүректер!	20
Қызыл от	23
Өлеңмен жазылған дүға (Мағжан рухына тағзым).....	24
Мазасыз тұндер (бірінші тұн!).	27
Екінші тұн.....	29
Үшінші тұн	31
Төртінші тұн	33
Тұн-Ана.....	35
Қылыш-тіл...!	38
Кешкі ой	41
Ішкі сыр.....	42
Ой елес	44
...Ақынға!!! (қаламның монологы)	45
Нөсер	47
А....ге	48
Елімнің есіл ерлері-ай!(Желтоқсан боздактарына)	49
Сары батыр рухына тағзым (толғай)	51
Бастады ма пәниидін дурбелені?	56

Буырқаның асау толқығын жарды үрдіс.....	56
«Шірігені секілді балық бастаң!».....	57
Казіргі махаббат көбелек.....	58
Абай рухына	59
Шынығыстау	60
Бейуак	61
Жанаға жанар шағылысканда дір еткен	61
Жарқын бауырыма	62
Ақ арман.....	64
Махаббат	65
Жүргегімнің сшкім де аша алмайды қақпасын	67
Құйынның илеуінде канбак өмір.....	68
Уақыт пең жарысып келем мен	69
Ешкіммен сусыспадым, ұрыспадым	70
Уақыт	71
Мен сені ...!	72
Сол түні	73
Жырынды оқып жанардан жас тайғанаған.....	75
Мағжанның «Мен кіммін?»өлеңіне жауап	76
Ыстық демің шарпиды бетті өбіп	77
Ару мұнцы	78
Молдір, тұнық тамшысындаи жанбырдын.....	79
О, Махаббат, мен де сенің құлыңмын!.....	80
Ұстаздан алған сабағым	81
Кара жерге кадалып байқалды із бар	82
Сағындым, Ана!	83
«Махамбетке».....	84
Аллаға тағзым	84
Амангелді Рамазановка (50-ге келген тойына арналған жыр)..	86
Мен әкемін!(Бейбарысым туғанда)	88
Кім еді бұл адамдар? Кеше	90
Бүгін	90
Сен кімсін?!	91
Әке	92

Тағдырымның тамшылары

Дұғалы өлең(Ғабене)	93
Әр жерден сағым жылтылдаң ойнап түртіп еді	95
Ширатып жылды	96
Өлең	97
Кірпік	97
Ақын рухына	98
Тайғанак әмір	100
Ғабен бейнесі..... ! .. іздеймін	100
Аскар тұлғаң бар каламда сенің	101
Есімі бұйырмаған бесігім	102
Қазак	103
Сағынышым сен ғана!	104
Махаббат	105
Көніл жүдеу жүрегім тыншымады	105
Ақын аға рухына (Мұқағали).....	106
Қара қыз	108
Ақ кайынды тербеткендей.....	110
Жұдырыктай жүрегім, кеудеме эрен сыйып тұр!	110
Қазак-батыр, казак-ер, казак-алып!	111
Жанарына жас тамшысы конбасын!	111
Мөлтіеп әдемі жанарың	112
Қара бесік	113
Ойқастаған далада ак бораным.....	113
Әмір катал жүзі ме едін балтанын?	114
Ұлы дала бесігім	114
Женіс туы	115
Ананы туғызған киелі даламыз	117
Мағжанның соңғы сезі	117
Сүбелі ой, сүмбіле жыр қондыра алмай	118
Елім-айдан жеткен мұн.....	119
Жорыктың ізі бар	121
Арбассары (поэма).....	124
Әмірбаян	127

Редакторы: **Жарқын Жұпархан**
Корректор: **Бекиши Гүлнұр Боранбайқызы**
Дизайнері: **Глебова Марина**
Компьютерде беттеген: **Мамельбаева Махфузә**

